Қорытынды. Қорытындылай келе, қазіргі таңда ағылшын тілін үйретудің тиімді әдістерін іздестіру, оқыту үдерісін жетілдіру және білім алушылардың шетел тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Атап айтқанда, шет тілін оқытуда жазылым дағдысын қалыптастыру — тілдік құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дегенмен, жазылымды меңгеру үдерісі оқушылар үшін едәуір күрделі, әрі көп еңбекті талап ететін әрекет екені тәжірибеде дәлелденіп келеді. Осы тұрғыда ойын тәсілдерін қолдану – бұл үдерісті жеңілдетіп қана қоймай, оны қызықты, тартымды және тиімді етудің жолдарының бірі ретінде көрініс береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ағылшын тілі сабақтарында ойын әдістерін қолдану жазылым дағдыларын дамытуда оң нәтиже береді. Эксперименттік топта жүргізілген зерттеу барысында білім алушылардың грамматикалық сауаттылығы, лексикалық қорды пайдалану деңгейі, ойды жүйелі түрде жеткізу қабілеті едәуір артқаны байқалды. Сонымен қатар, ойын тәсілдері оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, мотивациясын және белсенділігін арттырып, психологиялық кедергілерді еңсеруге ықпал етті.

Ойын элементтері арқылы жүзеге асырылатын тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзіндік ой пікірін еркін әрі сауатты жазбаша түрде жеткізуге мүмкіндік берді. Мұндай әдіс оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіріп, топтық және жұптық жұмыстарда тиімді әрекет етуін қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, ойынмен ұштастырылған жазылым әдісі ағылшын тілін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға, сабақтағы оқу әрекетін жандандыруға, білімді тиімді әрі оңай меңгеруге мүмкіндік береді. Сондықтан, шетел тілін оқытуда ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану — оқыту әдістемесін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, ойын әдістерінің түрлерін жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолдану жолдарын қарастыру маңызды. Сонымен қатар, жазылым дағдысын қалыптастыруда сандық технологиялар мен интерактивті платформаларды ойын әдістерімен біріктіре отырып, оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру – келешектегі міндеттердің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әбдіғалиева Ш.Ш. Ойын технологияларын оқу үрдісінде қолдану әдістері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2018. – №5. – Б. 45–48.
2. Бижанова З.Б. Шет тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 232 б.
3. Жұмабаева А.Б. Бастауыш сынып оқушыларына шет тілін оқытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2015. – 180 б.
4. Савченко Л.В. Ойын технологияларын қолдану арқылы шет тілін оқыту әдістемесі // Білім әлемі. – 2020. – №4. – Б. 62–65.
5. Brown H. Douglas. Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy. – 4th ed. – New York: Pearson Education, 2015. – 624 p.
6. Lee W.R., Coppen P. Simple English: Games and Activities for Teachers. – Oxford: Oxford University Press, 2004. – 198 p.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-77-82
ӘОЖ 512.622

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА КӨПМҮШЕЛЕРДІ КӨБЕЙТКІШТЕРГЕ ЖІКТЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

БУПЕБАЕВА ГУЛЬЗАТ ЕРБОЛАТОВНА

1 курс магистранты, 7M01501 – Математика
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: **КОЖАШЕВА ГУЛЬНАР ОНАЛБАЕВНА**, п.ғ.к., доцент

Аңдатпа. Бұл мақалада орта мектеп оқушыларына көпмүшелерді жіктеу әдістерін үйрету тәсілдері қарастырылады. Көпмүшелерді жіктеу – алгебрадағы маңызды тақырыптардың бірі, ол оқушылардың математикалық ойлауын дамытуға және теңдеулерді шешу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Мақалада негізгі теориялық анықтамалар, көпмүшелерді жіктеу әдістері және оқыту барысында қолданылатын тәсілдер қарастырылады.

Тірек сөздер. көпмүше, көпмүшені жіктеу, алгебра, оқыту әдістемесі, математикалық білім

Көпмүшелерді жіктеу – алгебраның негізгі ұғымдарының бірі. Бұл тақырыпты түсіну оқушыларға теңдеулерді шешу, функцияларды талдау және жоғары деңгейлі математикалық есептерді шешуде көмектеседі. Дегенмен, көптеген оқушылар үшін көпмүшелерді жіктеу қиындық тудырады. Сондықтан, оқыту әдістерін дұрыс тандау олардың білімін жақсартуға ықпал етеді. Алгебралық есептерді шешуде құрамында ең кемінде бір айнымалысы бар берілген көпмүшені екі немесе бірнеше көпмүшелердің немесе көпмүше мен бірімүшенің көбейтіндісі түрінде жазуға тура келеді. Нақты сандар өрісінде кез келген көпмүше көбейткіштерге жіктеле бермейді.

Мысалы, $x + 5$, $2x^2 + 6x + 20$ көпмүшелерін көбейткіштерге жіктеуге болмайды. Мұндай көпмүшелер жіктелмейтін көпмүшелер деп аталады. Егер көпмүшенің барлық көбейткіштері жіктелмейтін көпмүшелер түрінде берілсе, онда оны көбейткіштерге жіктеу орындалды деп есептеледі.

Анықтама: Екі немесе бірнеше бірімүшелердің қосындысынан, немесе айырмасынан тұратын алгебралық өрнекті көпмүше деп атайды. [1]

Бір айнымалысы бар n -дәрежелі көпмүше:

$P_n(x) = a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0$ түрінде жазылады, мұндағы

$a_n, a_{n-1}, \dots, a_0$ – көпмүшенің коэффициенттері, кез келген нақты сандар (нөлге тең емес сан, a_0 – бос мүше), $P_n(x)$ көпмүшесінің бас коэффициенті.

- Егер көпмүшенің ең үлкен дәрежелі мүшесінің коэффициенті 1-ге тең болса, онда оны жүйтелген көпмүше деп атайды.

- Бірінші дәрежелі көпмүше сызықтық көпмүше, екінші дәрежелі көпмүше квадраттық көпмүше, үшінші дәрежелі көпмүше кубтық көпмүше деп аталады.

Егер $P_n(x)$ көпмүшесіндегі x -тің орнына нақты бір α санын қойсақ, онда нәтиже $P_n(\alpha)$ саны болады, мұны $P_n(x)$ көпмүшесінің $x = \alpha$ болғандағы мәні деп атайды, яғни:

$$P_n(\alpha) = a_n \alpha^n + a_{n-1} \alpha^{n-1} + \dots + a_1 \alpha + a_0$$

Егер $P_n(\alpha) = 0$ болса, онда α саны $P_n(x)$ көпмүшесінің түбірі деп аталады. Айнымалы x -

тің $P_n(x)$ көпмүшесін нөлге айналдыратын мәнін оның түбірі деп атайды. [1]

Мысалы, $P_3(x) = x^3 - 2x^2 - 3x$ көпмүшесіне $x = 3$ саны түбір болады, себебі $P_3(3) = 27 - 18 - 9 = 0$. Көпмүшенің рационал түбірін келесі теорема көмегімен табады.

Теорема. Бүтін коэффициентті

$$P_n(x) = a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0$$

көпмүшеде қысқартылмайтын p/q ($p \in \mathbb{Z}$, $q \in \mathbb{N}$) бөлшегі түбір болуы үшін p саны – бос мүше a_0 -дің бөлгіші, ал q саны – бас мүше коэффициенті

a_n -нің бөлгіші болуы қажет. Дербес жағдайда, егер $P_n(x)$ көпмүшесі бүтін коэффициентті және $a_n = 1$ болса, онда мұндай көпмүшенің рационал түбірлері бос мүше a_0 -дың бөлгіштері болады.

Көпмүшелерге қосу, азайту, көбейту, бөлу (бұрыштап бөлу) т.б. амалдары қолданылады. [1]

Тағы бір ыңғайлы тәсілді атап өтетін кезде Горнер схемасын көрсетсе болады. Көпмүшені екі мүшеге бөлу кезінде Горнер схемасы қолданылады.

Көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеуде әр түрлі әдістер қолданылады. [1]

1. Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару

1-

Егер көпмүшенің коэффициенттерінің барлығы бүтін сандар болса, онда жақша сыртына көпмүшенің барлық коэффициенттерінің ең үлкен ортақ бөлгішінің (“плюс” немесе “минус” таңбасымен алынған) модуліне тең коэффициенті бар көбейткіш шығарылады.

Ал барлық мүшелерінде бар айнымалылар осы көпмүшедегі ең кіші дәрежесімен шығарылады.

$$\text{Мысал: } 12x^4 - 12x = 12x(x^3 - 1) = 12x(x - 1)(x^2 + x + 1)$$

Бұл әдіс 7-сыныптан бастап қарастырылады, себебі ол көбейткішті анықтап, жақша сыртына шығару арқылы көпмүшені ықшамдауға негізделген қарапайым тәсіл. [1]

2. Көпмүшені топтау тәсілімен көбейткіштерге жіктеу.

7-8 сыныптарда оқытылады, бұл әдіс қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолданып, мүшелерді топтау арқылы көбейткіштерге жіктеуді үйретеді.

Қосудың ауыстырымдылық, терімділік заңдарына сүйене отырып, көпмүшенің мүшелерін әр түрлі тәсілдермен көбейткіштерге жіктеуге болады. [1]

Мысалдар:

$$\begin{aligned} 1) \quad & xy^2 - by^2 - ax + ab + y^2 - a = (xy^2 - ax) - (by^2 - ab) + (y^2 - a) = x(y^2 - a) - b(y^2 - a) + (y^2 - a) = (y^2 - a)(x - b + 1). \\ 2) \quad & a^4 + 2a^3 - 2a - 1 = (a^4 - 1) + 2a(a^2 - 1) = (a^2 - 1)(a^2 + 1) + 2a(a^2 - 1) = (a^2 - 1)(a^2 + 1 + 2a) = (a - 1)(a + 1)(a + 1)^2 = (a - 1)(a + 1)^3. \\ 3) \quad & x^4 - 3x^3 + 5x - 15 = (x^4 - 3x^3) + (5x - 15) = x^3(x - 3) + 5(x - 3) = (x - 3)(x^3 - 5) \\ 4) \quad & a^2 - 7ab + 12b^2 = a^2 - 3ab - 4ab + 12b^2 = (a^2 - 3ab) - (4ab - 12b^2) = a(a - 3b) - 4b(a - 3b) = (a - 3b)(a - 4b). \end{aligned} \quad [1]$$

3. Ауыстыру әдісі

Ауыстыру. Берілген өрнектегі айнымалыны қандай да бір өрнекпен алмастыруды ауыстыру деп атайды. Кейде теңбе-тең түрлендірулерді орындағанда, теңдеулерді шешкенде бірдей өрнектерді қандай да бір айнымалымен алмастыру тиімді болады. 8-9 сыныптарда енгізіледі, себебі бұл әдіс белгілі бір өрнектерді жаңа айнымалымен ауыстыру арқылы күрделі көпмүшелерді жеңілдетуге көмектеседі. [1]

Мысалы:

$$(a - 2x)^2 - (a - 2x)(a - 2x - b) = b(a - 2x). \quad (1)$$

теңбе-теңдік екенін дәлелдеу керек болсын.

Ауыстыру тәсілін қолданамыз: $a-2x = y$ деп алмастырамыз, сонда берілген теңдікті мына түрде жазамыз:

$$y^2 - y(y - b) = by, (2) \text{ түрінде жазамыз.}$$

Теңдіктің сол жақ бөлігін түрлендіреміз:

$$y^2 - y(y - b) = y^2 - y^2 + by; y^2 - y^2 + by = by.$$

2- Біз (2) теңбе-теңдік екенін дәлелдедік, демек (1) теңдігі де теңбе-теңдік. [1]

4. Қысқаша көбейту формулаларын пайдаланып, көбейткіштерге жіктеу тәсілі (алғашқы тәсілдерді де қоса пайдалану).

7-8 сынып оқушылары үшін қолжетімді, өйткені бұл әдіс белгілі бір стандартты формулаларды қолдану арқылы көбейткіштерге жіктеуді үйретеді. [3]

5. Анықталмаған коэффициенттер әдісін қолдану.

9-10 сыныптарда қарастырылады, себебі бұл тәсіл теңбе-теңдік принципін пайдаланып, белгісіз коэффициенттерді анықтауды талап етеді.

Егер екі көпмүшенің дәрежелері тең және бірдей дәрежелі x -тің коэффициенттері тең болса, онда мұндай көпмүшелерді теңбе-тең көпмүшелер деп атайды. [1]

Мысалы:

$ax^3 + bx^2 + 1$ көпмүшесі $x^3 + 3x^2 + 1$ көпмүшесіне теңбе-тең деп есептеледі, егер:

$a = 1, b = 3$ болса.

Есте болсын:

1. Егерде квадрат үшмүшенің $ax^2 + bx + c$ дискриминанты

$D = b^2 - 4ac \geq 0$ және түбірлері x_1 мен x_2 болса, онда

$$ax^2 + bx + c = a(x - x_1)(x - x_2).$$

[3]

Мысалы, квадрат үшмүше $3x^2 - 5x + 2$ дискриминанты

$$D = 5^2 - 4 \cdot 3 \cdot 2 = 49 = 7^2,$$

оның түбірлері $x_1 = 1, x_2 = 2$. Сондықтан

$$3x^2 - 5x + 2 = 3(x - 1)(x - 2) = (3x + 1)(x - 2).$$

Алу үшмүше $4x^2 - 4x + 1 = 0$. Түбірлері $x_1 = x_2 = \frac{1}{2}$.

Сондықтан

$$4x^2 - 4x + 1 = 4(x - \frac{1}{2})(x - \frac{1}{2}) = (2x - 1)(2x - 1).$$

Мына үшмүше $x^2 + x + 1$ -нің дискриминанты нөлден кіші. Сондықтан $x^2 + x + 1$ сызықтық көбейткіштерге жіктелмейді.

2. Үш ескі мүшелер көбейткіштерге жіктеледі:

$$ax^3 + bx^2 + cx + d = a(x - x_1)(x - x_2)(x - x_3) \text{ немесе}$$

$$ax^3 + bx^2 + cx + d = a(x^2 + mx + n).$$

Мұнда x_1, x_2, x_3 үшмүшенің түбірлері (x, x_2, x_3 әртүрлі немесе арасында өзара тең сандар болуы мүмкін).

Төмендегі көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеңіз:

$$1) 2x^3 - x^2 - 5x - 2 = (x+1)(x - 2)(2x + 1). [3]$$

Ескерту. Бірінші мысалда $x_1 = 1$, екінші мысалда $x_1 = -2$ көпмүшелердің түбірлері болғанына көзіміз жеткендіктен алдық. [3]

3. Төртінші дәрежелі көпмүше $P(x) = ax^4 + bx^3 + cx^2 + dx + f$.

1) төрт екімүшелердің көбейткіштеріне жіктеледі:

$$P(x) = a(x - x_1)(x - x_2)(x - x_3)(x - x_4).$$

- 2) екі екімүше және квадрат үшмүшеге: $P(x) = a(x^2 + mx + n)(x^2 + px + q)$.
3) кей жағдайларда төртмүшелер көбейткіштерге жіктеледі. [3]

6. Горнер схемасы. $P_n(x) = a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0$ көпмүшесін $(x-a)$ екі мүшеге бөлу талап етілсін. Мұны Горнер схемасы деп атайды. Көпмүшені айнымалы x -тің кему дәрежесімен берілген. 9-11 сыныптарда оқытылады, өйткені ол жоғары дәрежелі көпмүшелерді тиімді түрде бөлшектеуге арналған және полиномдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. [2]

Бөліндіні $Q(x) = bn - 1b^{bn-z} + bn - 2b^{n-2} + \dots + b_0$,
($n-1$)-ші дәрежелі көпмүше, ал қалдықты r -арқылы белгілейік.
 α – нің мәнін, $P_n(x)$, $Q_{n-i}(x)$ көпмүшелердің коэффициенттерін және
қалдық r – ді мына кесте түрінде жазайық.

	a_n	a_{n-1}	a_{n-2}	...	a_1	a_0
α	b_{n-1}	b_{n-2} $= a_{n-1} + \alpha \times b_{n-1}$	b_{n-3} $= a_{n-2} + \alpha \times b_{n-2}$	...	$b_0 = a_1 + \alpha b_1$	r $= a_0 + \alpha b_0$

Горнер схемасы кейде анықталмаған коэффициенттер әдісі деп те аталады. Бұл әдіс көпмүшені жіктеуде және есептеулерді оңайлатуда кеңінен қолданылады.

Кейбір есептерде көпмүшені көпмүшеге бөлгенде тек қалдықты табу қажет болады. Мұндай жағдайда Безу теоремасы көмектеседі. [1]

Безу теоремасы. Егер $P_n(x)$ көпмүшесі $(x-\alpha)$ екімүшесіне бөлінгенде қалдық r болса, онда бұл қалдық көпмүшенің r $x=\alpha$ мәніндегі мәніне тең болады, яғни:

$$r = P_n(\alpha)$$

Салдар. $P_n(x)$ көпмүшесі $(x-a)$ екімүшесіне бөлінуі үшін a саны $P_n(x)$ көпмүшесінің түбірі болуы қажетті және жеткілікті.

Яғни, егер $P_n(\alpha) = 0$

болса, онда $P_n(x)$ көпмүшесі $(x-a)$ көпмүшесіне қалдықсыз бөлінеді.

Бұл әдістер жоғары дәрежелі теңдеулерді шешуде және көпмүшелерді жіктеуде маңызды рөл атқарады [1]

1 – есеп. $P_n(x) = x^4 + 4x^3 + 5x + 8$ көпмүшесі $(x+1)$ – ге бүтіндей бөліне ме?

Шешуі, $x = -1$, $P(-1) = 1 - 4 - 5 + 8 = 0$, $P_4(-1) = 0$, берілген көпмүше $(x+1)$ – ге бүтіндей бөлінеді.

$P_n(x)$ көпмүшесін $(ax+b)$ екі мүшеге бөлгендегі қалдық r , егер $x = -\frac{b}{a}$ болса, онда $r = P_n(-\frac{b}{a})$ көпмүшесінің мәніне тең болады.

2 – есеп. $P_3(x) = (x^3 - 3x^2 + 5x + 7) : (2x + 1)$ – ге бөлінгендегі қалдық r – ді табыңдар.

$$\text{Шешуі. } r = P_3\left(-\frac{1}{2}\right) = \left(-\frac{1}{2}\right)^3 - 3\left(-\frac{1}{2}\right)^2 + 5\left(-\frac{1}{2}\right) + 7 = \frac{29}{8}$$

$$\text{Жауабы: } r = \frac{29}{8}.$$

Осыған орай оқушыларға Безу теоремасынан шығатын салдарды көрсетіп, көпмүшені жіктеуге бірнеше мысалдар келтіруге болады.

1. Егер α саны $P_n(x)$ көпмүшесінің түбірі болғанда ғана, $P_n(x)$ көпмүшесі $(x-\alpha)$ -ға

2. $(x^n - \alpha^n) : (x - \alpha)$ – ға қалдықсыз бөлінеді, $n \in N$.

$$\frac{x^n - \alpha^n}{x - \alpha} = x^{n-1} + x^{n-2} \cdot \alpha + x^{n-3} \cdot \alpha^2 + \dots + x^2 \alpha^{n-2} + \alpha^{n-1}.$$

Дәлелдеуі. Безу теоремасы бойынша $(x^n - \alpha^n) : (x - \alpha)$ – ға бөлінгендегі,
 $n \in N$.

Қалдық $r = P_n(\alpha) = \alpha^n - \alpha^n = 0$, өйткені

3. $\frac{x^{2n} - \alpha^{2n}}{x + \alpha}$ көпмүшесі қалдықсыз бөлінеді, $n \in N$.

$$\frac{x^{2n} - \alpha^{2n}}{x + \alpha} = x^{2n-1} - x^{2n-2} \cdot \alpha + x^{2n-3} \cdot \alpha + x^{2n-3} \cdot \alpha + x^2 \cdot \alpha^{2n-3} + x \cdot \alpha^{2n-2} - \alpha^{2n-1}.$$

4. $(x^{2n+1} + \alpha^{2n+1})$ көпмүшесі $(x + \alpha)$ -ға қалдықсыз бөлінеді, $n \in N$.

$$(x^{2n+1} + \alpha^{2n+1}) : (x + \alpha) = x^{2n} - x^{2n-1} \cdot \alpha + x^{2n-2} \cdot \alpha^2 + \dots + x^2 \alpha^{2n-2} - x \alpha^{2n-1} + \alpha^{2n}. [1]$$

Горнер схемасы арқылы теңдеулерді шешу мысалдары

Есеп 1. Теңдеуді шешейік: $x^3 - 2x^2 - 5x + 6 = 0$

Теңдеудің коэффициенттері: 1, -2, -5, 6

Тексеру: $x = 1$

	1	-2	-5	6
1				
	1	-1	-6	0

Қалдық 0 болғандықтан, $x = 1$. Қалған өрнек: $(x - 1)(x^2 - x - 6)$

Тексеру: $x = 3$ ($x^2 - x - 6$ үшін)

	1	-1	-6
3			
	1	2	0

Қалдық 0 болғандықтан, $x = 3$. Қалған көбейткіш: $x - 2$.

Жауап: $x = 1$, $x = 2$, $x = 3$

Есеп 2.

Теңдеуді шешейік: $2x^4 + x^3 - 35x^2 - 88x - 60 = 0$

Тексеру: $x = -2$

	2	1	-35	-88	-60
-2					
	2	-3	-29	-30	0

Қалдық 0 болғандықтан, $x = -2$.

Тексеру: $x = 5$ (қалған өрнек үшін)

	2	-3	-29	-30
5				
	2	7	6	0

Қалдық 0 болғандықтан, $x = 5$.

Тексеру: $x = -2$ (қалған өрнек үшін)

	2	7	6
-2			
	2	3	0

Қалдық 0 болғандықтан: $x = -3/2$

Жауабы: $x = -2$, $x = 5$, $x = -3/2$. [2]

Көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу – алгебрадағы негізгі ұғымдардың бірі. Оны меңгеру оқушыларға теңдеулерді шешуде, функцияларды талдауда және жоғары деңгейлі математикалық есептерді орындауда көмектеседі. Алайда бұл тақырыпты игеру көптеген оқушылар үшін қиындық тудырады. Сондықтан оны түсіндіруде тиімді әдістерді қолдану аса маңызды. Көпмүшелерді жіктеу барысында бірнеше әдіс қолданылады: ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару, топтау тәсілі, ауыстыру әдісі, қысқаша көбейту формулаларын пайдалану, Горнер схемасы және Безу теоремасы. Әр әдістің өзіндік ерекшеліктері бар, оларды

дұрыс таңдау есептің құрылымына байланысты. Оқушыларға бұл тақырыпты меңгертуде жүйелілік пен нақты мысалдар арқылы түсіндіру маңызды. Әдістерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға, олардың логикалық тұжырым жасау және есептеу дағдыларын жетілдіруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. М.Асқарова. Математика есептерін шешу практикумы: Оқу құрал. – Алматы, 2007.- 142 б.
2. Петрин Андрей. Решение уравнений высоких степеней, 4 стр. Режим доступа: ([gorner.pdf](#))
3. Ж.С. Садықов, А.Ж. Садықова. Алгебра және анализ бастамалары 1 – бөлім: Оқу құралы. – Алматы, 2013.- 154 б.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-83-91

УДК 372.851

НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

БАХЫТ АСЫЛАЙЫМ БАХЫТҚЫЗЫ

1 курс магистранты, 7М01501 – Математика

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: **КОЖАШЕВА ГУЛЬНАР ОНАЛБАЕВНА**, п.ғ.к., доцент

Аңдатпа: Бұл мақалада негізгі мектеп оқушыларына логикалық есептерді шешудің тиімді әдістері қарастырылады. Логикалық есептер математикалық ойлауды дамытуға, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін жетілдіруге және стандартты емес ойлау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Логикалық есептердің маңыздылығын сипаттап, оларды шешудің түрлі әдістерін талдайды. Сонымен қатар, логикалық есептердің оқыту үдерісіндегі рөлі, оларды тиімді қолдану тәсілдері және оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға ықпалы қарастырылады.

Кілт сөздер: логикалық есептер, математикалық ойлау, негізгі мектеп, граф әдісі, кестелік әдіс, бильярд әдісі, логикалық ойлау, білім беру, оқушылардың дағдылары.

Қазіргі таңда математиканы оқыту тек есеп шығару мен формулаларды жаттаумен ғана шектелмеуі керек. Оның басты мақсаты – оқушылардың интеллектуалдық қабілетін дамыту, логикалық және кеңістік ойлауын қалыптастыру, математикалық білімді саналы түрде меңгеруге баулу және оны өмірде қолдана білуге үйрету [1]. Осы мақсатқа жету барысында логикалық есептердің маңызы зор.

Арнайы формулаларды қолдану мүмкін емес және әрбір есепке жеке талдау жасауды қажет ететін тапсырмалар логикалық есептер деп аталады. Олар стандартты математикалық амалдардан гөрі, ойлау жүйесін, пайымдау қабілетін және мәселені шешудің әртүрлі тәсілдерін қолдануды талап етеді [2].

А.Н. Семикопейкина (2018) өз еңбегінде логикалық есептерге мынадай анықтама береді: «Логикалық есеп – бұл шешу барысында логикалық ойлау, тапқырлық және кейде стандартты емес тәсілдерді қажет ететін, бірақ жоғары деңгейдегі арнайы математикалық білімді талап етпейтін есеп» [3, 409-б.]. Бұл анықтамадан логикалық есептердің ерекшелігін байқауға болады. Оларды шешу үшін тек формулаларды білу жеткіліксіз, ең маңыздысы – ойлау жүйесін дамыту, талдау, салыстыру және дұрыс қорытынды жасау қабілетін жетілдіру.

О.Б. Богомолова (2013) өзінің «Логические задачи» атты кітабында есеп шығарудың маңыздылығын дәл атап көрсетеді: «Есептерді шешу – бұл тәжірибелік өнер. Ол жүзу, шаңғы тебу немесе фортепианода ойнау сияқты дағдылармен салыстыруға болады. Оған үйрену үшін жақсы үлгілерге сүйеніп, үнемі тәжірибе жасау қажет. Психологияның айтуынша, ойлау процесі қандай да бір мәселені шешу қажеттілігі туындаған кезде басталады. Әрбір есеп оқушының ойын қозғап, оның ойлау қабілетін белсендіреді. Сондықтан есеп шығару ақыл-ой гимнастикасы ретінде әділ бағаланады» [4, 3-б.].

Математикалық есептердің ішінде логикалық есептер ерекше орын алады. Олардың ең маңызды ерекшеліктерін айтатын болсақ. Біріншіден, логикалық есептер математиканың басқа тақырыптарынан ерекшеленеді, өйткені оларды шешу математикалық білімнің жоғары деңгейін қажет етпейді, көп жағдайда тек негізгі арифметикалық дағдыларды меңгеру жеткілікті. Екіншіден, мұндай есептер математикаға қызықпайтын оқушылардың да назарын аудартады. Сонымен қатар, осы типтегі есептер логикалық ойлауды жетілдіруге көмектесіп,

тек математиканы ғана емес, өзге пәндерді (ғылымдарды) тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [5].

Логикалық есептердің әртүрлілігіне қарамастан, оларды біріктіретін ортақ ерекшеліктер бар. Ең алдымен, мұндай есептерді шешу үшін арнайы математикалық білім, күрделі есептеулер немесе олимпиадалық әдістерді меңгеру қажет емес. Бұл олардың басты артықшылықтарының бірі, өйткені техникалық қиындықтардың болмауы оқушыларға ойлау әдістеріне назар аударуға мүмкіндік береді. Осы себепті логикалық есептер математикалық ойлауды дамыту үшін тамаша құрал болып табылады [6].

Оқушыларға логикалық есептерді үйрету неліктен маңызды? Өйткені, логикалық есептерді шешу барысында дәлелдеу қажеттілігі геометриядан гөрі оқушыларға түсінікті болып көрінеді. Мысалы, геометрияны оқыту кезінде оқушылар кейде айқын нәрселерді дәлелдеудің не үшін қажет екенін түсінбейді – мысалы, үшбұрыштардың теңдігін сызбадан-ақ көруге болады. Ал логикалық есептер күнделікті өмірмен, қиялмен және өмірлік тәжірибемен тығыз байланысты болғандықтан, оларда дәлелдеу кезеңі маңызды рөл атқарады және ол оқушыларға жасанды болып көрінбейді. Сонымен қатар, логикалық есептерді шешу кезінде басты назар дәлелдеуге аударылады, өйткені күрделі техникалық амалдар мен ұзақ есептеулер жоқ. Алгебралық есептерді шығарғанда оқушылар көбінесе күрделі түрлендірулерге көп уақыт жұмсайды, ал дәлелдеудің маңыздылығын елемей жатады. Ал логикалық есептерді шешу үшін дәлелдеу – негізгі талап, сондықтан олар оқушыларды ойларын нақты және жүйелі түрде баяндауға үйретеді [6].

Логикалық есептер арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, тапқырлығын арттырып, дұрыс шешім қабылдауға үйрете аламыз, өйткені олар логикалық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді және бұл өз кезегінде ойлау жүйесінің анықтығына, пайымдаулардың қисындылығына әрі қарама-қайшылықтардың болмауына мүмкіндік береді.

Логикалық есептерді шешу бірнеше кезеңнен тұрады, әрқайсысы есептің мәнін түсініп, дұрыс шешімге жетуге көмектеседі.

1. *Есептің шартын талдау.* Бұл кезеңде есепте берілген мәліметтерді саралап, есептің негізгі талаптарды анықтау қажет.

2. *Есеп моделін құру,* яғни, есепті түсінікті ету үшін оны сызба, кесте, график немесе басқа визуалды құралдармен бейнелеу.

3. *Шешу әдісін іздеу.* Бұл кезеңде есепті шешуге тиімді әдісті таңдауымыз қажет. Есепті шешу әдісін таңдағаннан кейін, оны есепке қолдану керек.

4. *Шешімді жүзеге асыру* - аңдалған әдісті қолданып, есептің жауабын табу.

5. *Жауапты тексеру* – шешімнің дұрыстығына көз жеткізу, оның барлық шарттарға сәйкес келетінін анықтау.

6. *Есепті зерттеу* – есептің қанша түрлі шешімі бар екенін немесе кейбір жағдайларда шешімнің жоқ екенін анықтау.

7. *Жауапты тұжырымдау* – алынған нәтижені нақты әрі түсінікті етіп жазу.

8. *Танымдық талдау* – есептің маңыздылығын, оның логикалық құрылымын зерттеп, шешу барысында қолданылған тәсілдерді бағалау.

Бұл кезеңдерді жүйелі түрде орындау есептерді дұрыс шешуге және логикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Логикалық есептерді шешуде әртүрлі әдістер қолданылады. Олардың ішінде негізгі және кең таралған әдістерге ой қорыту әдісі, кестелер әдісі, графтар әдісі, “Бильярд” әдісі, Эйлер шеңберлері әдісі және т.с.с. жатады. Әрбір әдіс белгілі бір есеп түріне сәйкес келеді. Кейбір жағдайларда бірнеше әдісті біріктіріп қолдану есепті тиімді шешуге мүмкіндік береді. Логикалық есептерді шешуде ең бастысы – шартты дұрыс түсіну және ең қолайлы әдісті таңдау.

Жоғарыдағы талқылауларды және О.Б. Богомоллованың «Логические задачи» атты еңбегін негізге ала отырып, логикалық есептердің мағынасы мен шешу әдістеріне қарай келесідей түрлерін анықтауға болады [4]:

1. *Қатынастарға негізделген есептер.*

Бұл типтегі есептерде «үлкен», «кіші», «тең» және басқа да салыстырулар қолданылады. Мұндай есепті шешу үшін оны схема немесе кесте түрінде көрсету маңызды. Бұл есептің сөзбен берілген шарттарын көрнекі түрде жазуға мүмкіндік береді. Модельдеу көмегімен есептің негізгі элементтерін және олардың арасындағы байланыстарды жүйелеуге болады.

Есеп (5-сынып). Үш дос – Аңсар, Нұрасыл және Бексұлтан – ұлттық музыкалық аспаптарда ойнайды. Олардың екеуі домбырада, ал біреуі қобызда ойнайды. Егер Аңсар мен Нұрасыл әртүрлі аспаптарда ойнайтын болса және Нұрасыл мен Бексұлтан да әртүрлі аспаптарда ойнайтын болса, Бексұлтан қандай аспапта ойнайды?


Шешуі:

Берілгені:

Аңсар (А)
Нұрасыл (Н)
Бексұлтан (Б)
домбыра (д)
қобыз (қ)

Табу керек:

Бексұлтан қандай аспапта ойнайды?

Талқылау

Жауабы: Бексұлтан домбырада ойнайды.

2. *Сызбалар мен кестелерді пайдалана отырып шешілетін есептер.*

Сызбалар көмегімен есепті шығарудың төмендегі тізбегі ұсынылады: Оқушылар қысқаша есеп шартын және сұрағын жазады. Есеп шартының элементтері айнымалылар арқылы бейнеленеді. Егер шарт бойынша екі элементтің арасында сәйкестік болса, онда оларды тұтас сызықпен қосамыз. Егер де элементтердің арасында сәйкестік жоқ болса, онда оларды үзік сызықпен қосамыз. Оқушылар талқылаудың қайсы элементтері берілген, ал қайсысы дәлелдеу бойынша алынғанын түсінулері үшін түрлі түсті шешімдерді қолдануды ұсынады (сызықтарды, мысалы қызыл және көк қаламдармен жүргізеді). Кестелер көмегімен сызбаларды қолдану ыңғайсыз және тым үлкендігіне байланысты көрнекіліксіз болғанда, төрт, бес және одан да көп парлар элементтерімен берілген есептерді шығарады. Бұл әдістер есепті жүйелеп, тез және көрнекі түрде шешуге көмектеседі.


Есеп (5-сынып). Жансая, Асылжан және Ақбота мұғалімнен математикадан тоқсандық жиынтық бағалаудан қандай баға алғанын сұрады: “Өздерің табуға тырысындар, сыныптарыңда екі алған оқушы жоқ, үшеулеріңнің бағаларын әртүрлі және Ақботаның бағасы үш емес, Жансаяның бағасы үш емес және бес емес”. Оқушылардың әрқайсысы қандай баға алды?

Берілгені:

Жансая (Ж)
Асылжан (Ас)
Ақбота (Ақ)
Бағалар: 3, 4, 5

Табу керек:

Кім қандай баға алды?

Талқылау

Шешуі:

1. Сыныпта «екі» бағасы жоқ, сондықтан мүмкін бағалар – «үш», «төрт», «бес».
2. Үш оқушының бағалары әртүрлі болуы тиіс.
3. Ақботаның бағасы «үш» емес, сондықтан ол «төрт» немесе «бес» болуы мүмкін.

4. Жансаяның бағасы «үш» те, «бес» те емес, сондықтан ол міндетті түрде «төрт» болады.
5. Жансаяның «төрт» екендігі дәлелденді, сондықтан Ақбота «үш» емес болғандықтан, оның бағасы «бес» болады.

6. Қалған жалғыз баға – «үш», оны Асылжанға тағайындаймыз.

Жауабы: Жансая – «төрт», Асылжан – «үш», Ақбота – «бес»

Есеп (6-сынып). Халықаралық конференцияда төрт ғалым кездесті: физик, химик, биолог және математик. Олардың ұлттары әртүрлі және ғалымдардың әрқайсысы төрт тілдің (қазақ, ағылшын, француз және орыс) екеуін біледі, төртеуі сөйлесе алатын тіл жоқ. Үшеуі бірдей сөйлесе алатын тіл бар, ол - қазақша. Ғалымдардың ешқайсысы бірдей уақытта француз және орыс тілдерін білмейді. Физик ағылшынша сөйлемейді, бірақ биолог пен химик бір-бірімен сөйлескісі келсе, онда оларға аудармашы бола алады. Химик математикпен французша сөйлесе алады. Физик, биолог және математик үшеуі бір тілде сөйлесе алмайды. Ғалымдардың әрқайсысы қандай екі тілді біледі?

Шешуі: Есептің шешімін кесте түрінде көрсетейік.

Ғалым	Қазақ	Ағылшын	Француз	Орыс
Физик	+	-	-	+
Химик	+	-	+	-
Биолог	-	+	-	+
Математик	+	-	+	-

Жауабы: химик және математик французша және қазақша, биолог орысша және ағылшынша, физик орысша және қазақша

3. *Өткелдер (тасымалдау) туралы есептер.*

Тасымалдау есептерінің күрделілігі, негізінен, есептің шартында көрсетілген жүзу құралының жүк көтеру мүмкіндіктеріне қойылатын шектеулерге, сондай-ақ жолаушылардың саны мен олардың ерекше талаптарына байланысты болады. Мұндай есептерді шешу ретін көрсету үшін арнайы сызба қолданылады. Сызбада өзен, жағалар және жүзу құралы шартты белгілермен бейнеленіп, тасымалдаудың әр қадамы көлденең сызық арқылы белгіленеді. Ал жүзу құралының қозғалыс бағыты арнайы көрсеткіштермен көрсетіледі. Есепті шешуді осылайша сызба түрінде ұсыну оқушылардың қызығушылығын оятып, есептің мағынасын терең түсінуге көмектеседі, ең бастысы – шешу процесін саналы түрде игеруге жағдай жасайды.

Есеп (5-6 сынып). Бір шаруаға қасқырды, ешкіні және қырыққабатты өзеннің екінші жағына өткізу қажет. Дегенмен, қайықтың сыйымдылығы шектеулі: ол тек шаруа мен бір ғана жүкті (қасқыр, ешкі немесе қырыққабатты) тасымалдауға мүмкіндік береді. Егер шаруа қайыққа отырып, қасқырды ешкімен жалғыз қалдырып кетсе, қасқыр ешкіні жеп қояды; ал егер ешкіні қырыққабатпен бірге қалдырып кетсе, ешкі қырыққабатты жейді. Шаруа осы қиыншылықтан қалай құтылатынын анықтау керек.

Шешуі : Шаруаны (Ш), қасқырды (Қ1), ешкіні (Е), қырыққабатты (Қ2) деп белгілеп алайық.

Жаға 1	Өзен	Жаға 2
Ш Қ1 Е Қ2		
Қ1 Қ2	Ш Е →	
Қ1 Қ2	Ш ←	Е
Қ1	Ш Қ2 →	Е
Қ1	Ш Е ←	Қ2
Е	Ш Қ1 →	Қ2
Е	Ш ←	Қ1 Қ2
	Ш Е →	Қ1 Қ2
		Ш Қ1 Е Қ2


4. *Графтар көмегімен шешілетін есептер.*

Мұндай есептерді шешуде граф - бір-бірімен қосылатын бөлек төбелерден тұратын фигура сызылады. Алдымен оқушылар дайын граф бойынша есепті қалай шешу керектігін меңгереді, яғни берілген графтағы байланыстарды талдап, дұрыс қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырады. Содан кейін оқушылар өз бетімен граф салып, есептің шарттарын өздері бейнелей бастайды, бұл олардың логикалық ойлау қабілетін одан әрі дамытып, күрделі есептерді құрылымдауға мүмкіндік береді.

Есеп (5-6 сынып). Берілген 2, 5 және 9 цифрларын әрқайсысын бір рет қолдана отырып, қайталанбайтын үш таңбалы сандар құру керек. Осы шартты орындағанда қанша түрлі сан шығатынын және сол сандарды анықтаңыз.

Шешуі:

Жауабы: 6 сан: 259, 295, 529, 592, 925, 952



5. Мүмкін болатын нұсқаларды толық қарастыруға негізделген есептер.

Есептерде алдымен белгілі бір болжам (гипотеза) алынады. Кейін есепті талдау барысында ол расталуы немесе теріске шығарылуы мүмкін. Осылайша, нақты дұрыс шешім табылғанға дейін бірнеше болжам бірінен соң бірі тексеріледі. Есепті шешу кезінде пайымдауларды жазып отырған жөн, ал қажет болса кесте, сызба секілді көрнекі құралдарды пайдалануға болады. Мұндай есептерде «Мысалы, алсақ...» деген сияқты тіркестер жиі ұшырасады. Егер бір болжамды тексеру кезінде қайшылық анықталса, басқа нұсқаларды да байқап көру керек. Өйткені бір гипотезаны жоққа шығару – қалғандарының бәрі бірден дұрыс деген сөз емес. Болжамдарды тексеру негізінде логиканың басты қағидаттары жатыр.

Есеп (6-7 сынып). Паркте жүрген үш қыз – Индира, Гүлжан және Жасмин. Олардың әрқайсысы әртүрлі түсті көйлекте болған: қызыл, сары және көк. Олардың достары келесі жауаптарды берді:

1. Индира қызыл көйлекте болды.
2. Гүлжан қызыл көйлекте емес.
3. Жасмин сары көйлекте емес.

Белгісіз, бірақ белгілі – берілген жауаптардың ішінде тек біреуі ғана шын. Осы шартқа сәйкес, әр қыз қандай түсті көйлекте киінгенін анықтаңыз.

Шешуі: Бірінші нұсқа. Индира қызыл көйлекте болды деген тұжырым дұрыс болсын.

Индира ————— Қызыл
Гүлжан ————— Сары
Жасмин ————— Көк

Қарама-қайшылық


Индира — — — — — Қызыл
Гүлжан — — — — — Сары
Жасмин ————— Көк

Қарама-қайшылық

Екінші нұсқа. Гүлжан қызыл көйлекте емес деген тұжырым дұрыс болсын.

Үшінші нұсқа. Жасмин сары көйлекте емес деген тұжырым дұрыс болсын.

Соңғы нұсқада тұжыры дұрыс.



Жауабы: Индира сары, Гүлжан қызыл, Жасмин көк көйлекте.


6. Қызықты логикалық есептер.

Арифметикалық есептерге айрықша назар аударған жөн. Көптеген оқушылар қарапайым есептердің өзін арифметикалық әдіспен шығаруды ұнатпайды. Алайда мұндай есептерді шешу кейде ерекше тапқырлықты және мәселені терең түсінуді талап етеді. Сонымен қатар, электрондық кестелерді пайдаланып, тез әрі оңай шешілетін қызықты есептер де жеткілікті.

Есеп (8-11 сынып). 0-ден 1000-ға дейінгі сандардан бір мезгілде 3 және 5-ке бөлінетін тақ сандарды табыңыз, олардың қосындысын, көбейтіндісін және санын анықтаңыз

Шешуі: Белгілеулер: i – сан, S – сандардың қосындысы, P – сандардың көбейтіндісі, K – сандардың саны.

Алгоритм:



Электрондық кестеде шешуі:

	A	B	C	D
1	Сан	Қосынды	Көбейтінді	Сандардың саны
2	15	=СУММ(A2:A ?)	15	=ЧРЯД(A2:A ?)
3	=A2+15		=C2*A3	
4				
5				
6				
7	↓		↓	


Стрелкалар формуланы А бағанындағы ұяшықтағы сан 1000-нан асып кеткенше көшіру керектігін білдіреді. «Қосынды» және «Сандардың саны» бағандарындағы формулаларда сұрақ белгілерінің орнына А бағанындағы мәні 1000-нан кем болып тұрған соңғы ұяшықтың нөмірін қою керек. Ал «Көбейтінді» бағанында соңғы нәтиже А бағанындағы нөмірі белгілі болған жолда орналасады. Ехсел электрондық кестесін пайдаланып есептейтін болсақ: $S = 33165$, $K = 66$

7. Бильярд әдісінің қолдануымен шешілетін есептер.


Бильярд әдісінің негізгі идеясы – есептің шартын бильярд үстеліндегі шардың қозғалысымен модельдеу. Бұл әдіс сұйықтықтарды құю, таразылау немесе басқа да механикалық процестерді сипаттайтын есептерді шешуде қолданылады. Есепті шешу барысында бильярд үстелі мен шардың қозғалысы графикалық түрде бейнеленеді. Параллелограмм негізінде бірдей тең қабырғалы үшбұрыштардан тор жасалады. Бильярд шары осы тордың сызықтары бойымен қозғалып, параллелограмм қабырғасына соғылған кезде қозғалысын белгілі бір бағытта жалғастырады. Әр соқтығысу нүктесі шардың қозғалыс бағытын өзгертетін сәтті көрсетіп, есептің белгілі бір қадамында ыдыстардағы сұйықтық мөлшерін анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс күрделі логикалық есептерді көрнекі түрде модельдеуге мүмкіндік береді және шешу процесін жеңілдетеді.

Есеп. Екі ыдыс бар — үш литрлі және бес литрлі. Осы ыдыстарды қолдана отырып, 4 литр су алу керек. Бізде су құбырының краны мен суды төгетін раковина бар.

Шешуі: Қарастырылып отырған есепте параллелограммның қабырғаларының ұзындықтары 3 және 5 бірлік болуы керек. Горизонталь бойынша 5 литрлі және тігінен – 3 литрлі ыдыстардағы суды литр көлемінде жинайтын боламыз. Біз шардың қозғалысын бақылап, үстелге соғылған әрбір нүктесін белгілейміз. Алғашқы соғылу нүктесі (5; 0), демек біз үлкен ыдысқа суды толтыруымыз керек. Екінші соғылу нүктесі (2;3), шар 5 литрлік ыдыстан 3 литрлік ыдысқа аз мөлшерде құюды ұсынып отыр. Келесі соғылу нүктесінің координаталары (2;0). Бұл дегеніміз, кіші ыдыстың барлық суын төгіп тастауға кеңес береді. Шарды әрі қарай бақылаймыз және кестені толтырамыз. Біз 7 құюдан соң мақсатымызға жеткенімізді көреміз, яғни 5 литрлік ыдыста 4 литр су алынды.



Осылайша, жауап алынып 7 қадамда 4 литр суды өлшеуге мүмкіндік беретін құюлар тізбегі көрсетілген.



Қадам	1	2	3	4	5	6	7
5 л	5	2	2	0	5	4	4
3 л	0	3	0	2	2	3	0

Логикалық есептерді шешудің көптеген әдістері бар, бірақ оларды білім беру жүйесіне толықтай енгізу әлі де күрделі мәселе болып отыр. Мұғалімдер логикалық есептердің маңыздылығын түсінгенімен, оларды сабақта жүйелі түрде қолдану үшін дайын материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар қажет. Сондықтан бұл есептер көбінесе математика үйірмелерінде қарастырылады, бірақ барлық мектептерде мұндай үйірмелер ұйымдастырыла бермейді.

И. В. Раскина мен Д. Э. Шнольдың «Логические задачи» атты еңбегінде логикалық есептерді қалай тиімді пайдалануға болатыны туралы өздерінің ұсыныстарын келтірген болатыны. Оларды сабақ барысында қолдану оқушылардың математикалық ойлауын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және логикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сол ұсыныстардың негізінде логикалық есептерді тиімді қолдануда келесідей әдістемелік ұсыныстарды ескергеніміз жөн [6]:

- 5-7 сыныптарда логикалық есептерді үйірме сабақтарында пайдалану. Логикалық есептер 5-6 сынып оқушылары үшін ерекше пайдалы, сондай-ақ 7-сыныптың алғашқы кезеңінде де қолдануға болады. Мұндай есептер геометрияны саналы түрде меңгеруге дайындық ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, бұл жастағы оқушылар қызықты тапсырмаларды жоғары бағалайды.

- Оқушыларға логикалық есептерді шешу әдісін таңдауда еркіндік беру. Оқушыларды белгілі бір әдісті ғана қолдануға мәжбүрлеуге болмайды. Егер сабақтың мақсаты нақты әдісті меңгерту болса, онда сол әдіске сәйкес келетін есептер таңдалуы қажет. Алайда, егер оқушы есепті өз тәсілімен шешкісі келсе, оған мүмкіндік берілуі тиіс.

- Логикалық есептерді оқытуды жыл бойына кезең-кезеңімен енгізу тиімді. Барлық есептерді бірден түсіндіруден гөрі, оларды оқу процесіне жүйелі түрде енгізіп отыру оқушыларға жаңа тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әрбір жаңа идеяны (мысалы, барлық

мүмкін нұсқаларды толық қарастыру қажеттілігі) меңгергеннен кейін бірнеше рет қолданған дұрыс.

- *Оқушыларға логикалық есептерді дәлелдеудің маңыздылығын көрсету және түсіндіру.* Шешімінде толық мәлімет жетіспейтін немесе бірнеше ықтимал жауабы бар есептер оқушыларға дәлелдеудің қажеттілігін түсіндіру үшін өте қолайлы. Мұғалімдер осындай есептерге оқушылардың назарын аударуы керек, себебі олар математикалық пайымдау дағдыларын қалыптастырады.

- *Кейбір логикалық есептерді жұппен немесе топпен шешу тиімді.* Есептің сюжетіне негізделген рөлдік ойындар ойнау – 5-7 сынып оқушылары үшін қызықты әрі танымдық әдіс. Бұл тәсіл олардың математикаға деген қызығушылығын арттыруға және есеп шығару дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- *Оқушыларға өз логикалық есептерін ойлап табуға мүмкіндік беру қажет.* Әсіресе, гуманитарлық бағыттағы ойлау қабілеті бар оқушылар үшін бұл әрекет өте қызықты әрі пайдалы болуы мүмкін. Бірақ есеп құрастыруды міндетті тапсырмаға айналдыру дұрыс емес, өйткені шығармашылыққа бейім емес балаларға бұл қиындық тудыруы мүмкін.

Бұл ұсыныстар сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта логикалық есептерді қолдануда оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, олардың математикалық дағдыларын жетілдіруге және қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Оларды жүйелі түрде қолдану және дұрыс әдістемелік тәсілдермен енгізу оқушылардың интеллектуалды дамуына оң әсер етеді.

Логикалық есептерді шешу – оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін маңызды құрал. Бұл есептер оқушылардың математикалық білімдерін тереңдетіп, стандартты емес ойлау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Мақалада ұсынылған әдістер логикалық есептерді шешуді оңтайландыруға, оларды оқыту процесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, логикалық есептерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, есептерді шешу барысында шығармашылық көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Болашақта бұл бағытта қосымша зерттеулер жүргізу, логикалық есептерді шешудің жаңа тәсілдерін әзірлеу және оларды оқыту үдерісінде кеңінен қолдану маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Краснова О.Н. Методика обучения школьников 5-6 классов решению логических задач на уроках математики// Краснова О.Н. В сборнике: Школа молодых ученых. материалы областного профильного семинара по проблемам естественных наук. Липецк, 2020. — С. 87-92. Режим доступа: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_44286426_22334573.pdf (дата обращения: 02.03.2025)
2. Жанасбаева Ұ.Б., Жанасбаев Ж.Б. Логикалық және комбинаторикалық есептер: Әдістемелік құрал. - Алматы, 2017. -123 б.
3. Семикопейкина А.В. Логические задачи в начальном курсе математики / А.В.Семикопейкина, Л.В. Лысогорова, С.П. Зубова, Н.И. Вьюнова, Н.Г. Кочетова. В сборнике: Артемовские чтения. Материалы X Международной научной конференции, 2018. — С. 409-417. Режим доступа: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_35206981_57396066.pdf (дата обращения 02.03.2025)
4. Богомолова О. Б. Логические задачи / О. Б. Богомолова. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2013. – 271 с.
5. Лихтарников Л. М. Занимательные логические задачи. Для учащихся начальной школы// Оформление С.Григорьева – СПб.:Лань, МИК, 1996. – 125 с.
6. Раскина И. В, Шноль Д. Э. Логические задачи. — М.: МЦНМО, 2013. - 120 с.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-92-95

УДК 372.851

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ РӨЛІ

ЖАРҚЫНБЕК АЙЗАДА ҒАБИТҚЫЗЫ

1 курс магистранты, 7М01501 – Математика
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: **КАСКАТАЕВА БАХЫТКУЛЬ РАХИМЖАНОВНА**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

***Аңдатпа.** Бұл мақалада математиканы оқытуда ғылыми-зерттеу әдістерін қолданудың маңызы қарастырылады. Ғылыми-зерттеу әдістерінің теориялық негіздері, олардың түрлері және оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға әсері талданады. Сонымен қатар, зерттеу әдістері мен дәстүрлі оқыту тәсілдерінің салыстырмалы талдауы жүргізіліп, практикалық ұсыныстар беріледі. Мақалада ғылыми-зерттеу әдістерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын жетілдіретіні көрсетілген.*

***Кілт сөздер:** ғылыми-зерттеу әдістері, математиканы оқыту, проблемалық оқыту, аналитикалық ойлау, зерттеу дағдылары, білім сапасы, оқыту әдістемесі*

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың тек теориялық білімін арттырумен шектелмей, олардың сыни ойлау, зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған [1]. Бұл тұрғыда ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану маңызды рөл атқарады. Ғылыми-зерттеу әдістері оқушылардың математикалық түсініктерді терең игеруіне, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өз бетінше зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Математиканы оқытуда зерттеушілік әдістерді қолданудың артықшылықтары:

- сыни ойлау қабілетін дамыту – оқушылар ақпаратты талдауға, жалпылауға және қорытынды жасауға үйренеді.

- шығармашылық және инновациялық ойлау – жаңа тәсілдер арқылы есептер шешуге дағдыланады.

- өздігінен білім алу – оқушы жаңа материалды зерттеу және түсіну жолдарын меңгереді.

Ғылыми-зерттеу әдістері – белгілі бір мәселені шешу үшін қолданылатын әдістемелік тәсілдер жиынтығы. Білім беру жүйесінде бұл әдістер оқушылардың өздігінен зерттеу жүргізіп, жаңа білім алуына бағытталған. Математика сабағында бұл әдістер арқылы оқушылар теориялық тұжырымдарды тәжірибеде тексеріп, нақты мысалдар арқылы абстрактілі ұғымдарды терең түсінеді [3].

Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесінде оқытудың ғылыми әдістері айрықша орын алады. Математиканы оқытудың ғылыми әдістерін игеру, оқыту процесінің тиімділігін арттыруға әсер етеді. Математикалық объектілер материалдық заттардың қасиеттері мен материалдық әлемнің заңдарын бейнелейді. Сондықтан математикалық ұғымдар нақты өмірдің жалпы қасиеттерін терең ұғынудың барысында шыққан.

Табиғат заңдарын зерттеу үдерісінде ғалым ғылыми-зерттеу әдістерімен ізденіс жүргізу арқылы жаңалық ашады. Оқушылар математиканы ғылыми әдістермен оқып үйрену үдерісінде математикалық ақиқаттарды алғаш ашушы адам ретінде сезінеді. Міне осылайша математиканы зерттеудің ғылыми әдістері математиканы оқыту әдісі ретінде қолданылады [2].

Математиканы оқытудың негізгі ғылыми әдістеріне:

- 1) бақылау мен тәжірибе;

- 2) салыстыру мен аналогия;
- 3) анализ бен синтез;
- 4) индукция мен дедукция;
- 5) жалпылау мен тарату;
- 6) абстракциялау мен нақтылау жатады .

Бақылау бізді қоршаған жеке объекттер мен құбылыстарға табиғи жағдайында жүргізіледі.

Тәжірибе объектілер мен құбылыстардың табиғи дамуына жасанды жағдайлар жасап, бөліктерге жіктеп немесе басқа құбылыстармен біріктіру арқылы жүргізіледі.

Салыстыру- зерттелетін объекттердің ұқсастығы мен айырмашылығын ойша анықтау. Салыстыру аналогиямен тығыз байланысты.

Жалпылау деп объекттер жиынына қатысты және сол объекттерді біріктіретін қасиеттерін анықтау тәсілін айтамыз.

Абстракциялау деп зерттелініп отырған объектінің кейбір елеусіз қасиеттерін ойдан шығарып, оның елеулі қасиетін анықтауды айтамыз.

Нақтылау - объектіні біржақты ғана ойлау әрекеті. Белгілі бір ұғымды нақты көрнекілік арқылы енгізгенде, абстрактілі жағдайды нақтылағанда, объектінің нақты жағдайда қасиетін анықтауда нақтылау әдісі қолданылады. Мысалы, рационал сандардың қосындысы үшін $a + b = b + a$ қасиеті абстрактілі болса, оған нақты түрде $7,2 + 6,3 = 6,3 + 7,2$ мысалы арқылы көз жеткізуге болады. Жалпылау, абстракциялау, нақтылау, анализ, синтез, салыстыру, бақылау, тәжірибе ғылыми зерттеу үдерісінде және математиканы оқытуда бір – біріне әсер етіп, тығыз байланысып, ойлау үдерісінде бірігіп кетеді. Аталған ғылыми – зерттеу әдістерін оқып үйренгенде ғана, жеке - жеке қарастырған тиімді [2].

Төмендегі кестеде біз зерттеу барысында алынған дәстүрлі және ғылыми әдістердің ерекшеліктерін талдау жасағанымызды ұсынып отырмыз (1-кесте).

Кесте-1

Әдіс	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Дәстүрлі әдістер (лекция, жаттығу)	Теорияны түсіндіру жеңіл оқушыларға белгілі	Шығармашылық ойлауды дамытпайды, пассивтілік тудырады
Ғылыми-зерттеу әдістері	Белсенді оқыту, сыни ойлау мен зерттеушілік қабілеттерін дамытады	Уақыт пен мұғалімнің дайындығын қажет етеді

Ғылыми зерттеу әдістерінің ішінде индукция мен дедукция математиканы оқытуда ерекше маңызға ие. Бұл әдістер оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға, жалпы заңдылықтарды түсінуге және оларды нақты есептерде қолдануға көмектеседі.

Математикалық индукция – күрделі дәлелдеулерде қолданылатын қуатты құрал. Бұл әдіс натурал сандарға қатысты теоремаларды дәлелдеуге, жалпы заңдылықтарды тұжырымдауға, формулалардың дұрыстығын тексеруге көмектеседі [5].

Теорема: $1 + 2 + 3 + \dots + n = \frac{n(n+1)}{2}$ екендігін дәлелдеу

1-қадам. Базалық жағдайды тексеру

$$n = 1 \text{ үшін: } 1 = \frac{n(n+1)}{2} = \frac{1(1+1)}{2} = \frac{2}{2} = 1$$

2-қадам. Индукциялық гипотеза

Кез келген $n=k$ үшін бұл формула орындалады деп есептейміз:

$$1 + 2 + 3 + \dots + k = \frac{k(k+1)}{2}$$

3-қадам. $n = k + 1$ үшін дәлелдеу

Енді осы формула $n = k + 1$ үшін де орындалатынын көрсету керек:

$$1 + 2 + 3 + \dots + k + (k + 1) = \frac{k(k + 1)}{2} + (k + 1)$$

Оң жақ бөлікті ортақ бөлімге келтіреміз:

$$\frac{k(k + 1)}{2} + \frac{2(k + 1)}{2} = \frac{k(k + 1) + 2(k + 1)}{2}$$

Ортақ көбейткішті шығарып аламыз:

$$\frac{(k + 1)(k + 2)}{2}$$

Бұл формула дәл сол $n = k + 1$ үшін де дұрыс екенін көрсетеді. Сондықтан, математикалық индукция әдісі арқылы формуланың кез келген натурал n сан үшін дұрыс екенін дәлелдедік [4].

Есеп. Кез келген натурал n саны үшін келесі теңдік орындалатынын дәлелде:

$$1^3 + 2^3 + 3^3 + \dots + n^3 = \left(\frac{n(n + 1)}{2}\right)^2$$

Бұл формула натурал сандардың кубтарының қосындысы.

1- қадам. Базалық жағдайды тексеру

$n = 1$ үшін тексеру: $1^3 = \left(\frac{1(1+1)}{2}\right)^2 = \left(\frac{2}{2}\right)^2 = 1$ формула дұрыс.

2- қадам. Индукциялық гипотеза

Кез келген $n=k$ үшін формула дұрыс деп аламыз:

$$1^3 + 2^3 + 3^3 + \dots + k^3 = \left(\frac{k(k+1)}{2}\right)^2$$

3- қадам. $n = k + 1$ үшін дәлелдеу

Келесі қадамда, $k + 1$ үшін формула орындалатынын көрсету керек:

$$1^3 + 2^3 + 3^3 + \dots + k^3 + (k + 1)^3 = \left(\frac{(k+1)(k+2)}{2}\right)^2$$

Мысалы: $1^3 + 2^3 + 3^3 + 4^3 = \left(\frac{4(4+1)}{2}\right)^2 = \left(\frac{20}{2}\right)^2 = 100$

Тексеру: $1 + 8 + 27 + 64 = 100$.

Математикалық индукция әдісі мектеп бағдарламасындағы ең маңызды құралдардың бірі болып табылады, себебі ол есептеу техникасында, алгоритмдерде және сандар теориясында кеңінен қолданылады. Сондықтан, индукция мен дедукция әдістерін меңгеру математиканы зерттеудің ғылыми негізін қалыптастырады [4].

Ғылыми-зерттеу әдістерін қолданудың нәтижесінде оқушылардың:

- Теориялық білім деңгейі артады – олар формулаларды механикалық түрде қолданбай, олардың шығу тегін түсінеді.

- Шығармашылық қабілеттері дамиды – олар стандартты емес есептерді шешудің жолдарын іздейді.

- Талдау және салыстыру дағдылары қалыптасады – олар әртүрлі математикалық әдістерді тиімді пайдаланады.

Зерттеулер көрсеткендей, ғылыми-зерттеу әдістерін қолданатын мектептердегі оқушылардың математикадан жетістіктері жоғары болады. Бұл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады [5].

- Сыни ойлау және логикалық қабілеттердің дамуы

- Шығармашылық ізденістер мен белсенділік артады

- Оқушылардың мотивациясы күшейеді

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, зерттеушілік әдістерді қолданатын сыныптарда оқушылардың үлгерімі 15-20% жоғарылайды.

Мұғалімдерге әдістемелік ұсыныстар

1) Оқушыларды белсенді зерттеуге ынталандыру – оларға қызықты және практикалық мәні бар есептер беру.

2) Топтық жұмыс ұйымдастыру – оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

3) Ақпараттық технологияларды пайдалану – зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы математикалық бағдарламаларды қолдану.

4) Оқушылардың зерттеу нәтижелерін талқылау – олардың жұмыстары бойынша пікірталастар ұйымдастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. “Математиканы оқыту әдістемесі”. Оқу-әдістемелік материал.
2. Қаскатаева Б.Р. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы.- 2018. -304 б.
3. Математиканы оқытудың ғылыми тәсілдері – «Ақмешіт апталығы». – aqmeshit-aptalygy.kz. – <https://aqmeshit-aptalygy.kz/bilim/22204-22204/> [25.02.2025]
4. Математикалық индукция әдісі | Скачать Материал. – stud.kz. – <https://stud.kz/referat/show/109971> [06.03.2025]
5. Математиканы оқытудың ғылыми әдістері | УМКД. – stud.kz. – <https://stud.kz/umkd/id/14334> [25.02.2025]

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-96-100
ӘОЖ 372.851

5 СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН МАТЕМАТИКАДАН ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛАРЫ

ЖОЛДЫБАЙ АСЫЛАЙ ЖАНКЕЛДІҚЫЗЫ

1 курс магистранты, 7М01501 – Математика
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: **ЖУМАЛИЕВА ЛЯЗЗАТ ДАУРЕНБАЕВНА**

Педагогика ғылымдарының докторы, аға оқытушы.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада математикадан олимпиадалық есептерді шешу барысында қолданылатын негізгі әдістер мен стратегиялар, яғни, есептерді дұрыс талдау, уақытты тиімді пайдалану, күрделі есептерді бірнеше кезеңге бөліп шешу қарастырылған.

Кілт сөздер: олимпиадалық есептер, тиімді әдістер, логикалық ойлау, күрделі есептер, олимпиадаға дайындық.

Олимпиадалық есептерді шешу математиканы үйренуде ерекше маңызға ие. Оқушылардың математикалық білімін бағалау тек білім стандарттарын меңгеруімен ғана шектелмей, олардың олимпиадалық есептерді шешуде қаншалықты машықтанғанымен де өлшенеді.

Оқыту процесі оқушыларды есеп шығаруға үйрету десек, ал белгілі бір типтегі олимпиадалық есептердің шығарылуын қарастыру қандай да бір математикалық материалды меңгеруде тиімді әдіс болып табылады [1].

Олимпиадалық есептер – бұл тек қиындық емес, сонымен қатар шығармашылық пен математикалық ойлауды дамыту құралы. Олимпиадалық есептер әдетте жоғары деңгейдегі күрделілікке ие тапсырмалар болып табылады.

Олимпиадалық есептер белгілі бір стандартты мәселелерден тыс болатын күрделі ойлауды талап етеді. Олар оқушылардың абстрактылы ойлауын жетілдіреді және математикалық ғылымның терең принциптерін түсінуге мүмкіндік береді.

5 сынып оқушылары үшін олимпиадалық тапсырмаларды шешу өз алдына ерекше білім беру процесін талап етеді, себебі осы жастағы оқушылардың математикалық ойлау қабілеті мен логикасы әлі де қалыптасып келеді. Сондықтан олимпиадалық тапсырмаларды шешуге арналған тиімді әдістер мен стратегиялар балалардың қызығушылығын арттырып, олардың математикаға деген сүйіспеншілігін күшейтеді.

Олимпиадаға қатысу ғана емес, оған дайындық та маңызды. Олимпиадаға дайындық барысында оқушылардың математикаға қызығушылығы артып, логикалық ойлауы қалыптасады. Логикалық ойлау – біздің көзқарасымыз бойынша, әртүрлі деңгейдегі олимпиадалардың негізгі іргетасы. Логикалық ойлауды дамытудағы дидактикалық маңыздылығы ең жоғары пән — математика, себебі ол абстракциялық тұжырымдамаларды пайдалануды талап етеді. Қолданылатын ережелер мен ұғымдардың абстрактілігі оқушылардан олармен жұмыс жасау үшін қажетті категорияларды меңгеруді талап етеді, бұл логикалық ойлау мүмкіндіктерін кеңейтеді [2].

Олимпиадада қойылатын сұрақтар мектеп бағдарламасындағы тапсырмаларға қарағанда күрделірек болғандықтан, оқушыларға үнемі шешу тәсілдерін жетілдіріп, олимпиадаға дайындалу ұсынылады.

Әр баланың үйрену қабілеті әртүрлі екендігін ескере отырып, олимпиадаға дайындық әдісі де әрқайсысына жеке болуы керек. Бұл әдіс уақыт өте келе өзгерсе де, белгілі бір тәсілдер олардың деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Есте сақтау, ойлау қабілеті және назар аудару дағдылары табысты оқу және әлеуметтік өмірдің негізі болып табылады, алайда дұрыс қолдау мен табандылық арқылы кез келген бала өз дағдыларын әрі қарай дамыта алады [3].

Олимпиадаға тиімді және толық дайындықты келесі тәсілдермен жүргізуге болады:

–математикалық оқулықтарды мұқият оқып, онда берілген есептерді шешу арқылы олимпиадаға қажетті негіздерді меңгеріңіз;

–олимпиада бағдарламасын қарап шығыңыз. Оның форматы мен жиі кездесетін тақырыптарын зерттеп, бейтаныс тақырыптарды кейінгі кезеңдерге қалдырыңыз;

–олимпиадаға қатысатын оқушыларды дайындау үшін өзіңіздің материал базаңызды құрастырыңыз. Бұл сіздің шығармашылығыңызды арттырып, оқушыларға жақсы түсінуге көмектеседі. Жүйелі түрде зерттегеннен кейін сұрақтар мен сынақтарға назар аударыңыз;

–практика үшін мысалдарды тауып, әрқайсысын мұқият талдаңыз. Жұмыс деңгейіне сәйкес сұрақтарды таңдап, бұрын талқыланған идеялар туралы түсінігіңізді кеңейтіңіз;

–емтиханға жақындағанда өткен жылғы тапсырмаларды шешіп, уақытты дұрыс басқаруды үйретіңіз. Сұрақтарды дұрыс талдап, апелляцияға жарамды сұрақтарды анықтап үйретіңіз;

–олимпиадаға бір күн қалғанда дайындықты тоқтатып, оқушының жақсы демалуына назар аударыңыз. Демалған оқушының ой-өрісі сергек болады. Қиын тапсырмаларды қайта қарап шығу да пайдалы [3].

Ендігі кезекте, олимпиадалық есептерді шешудің тиімді әдістері мен стратегияларына тоқталайық.

1. Есепке дұрыс талдау жасау. Олимпиадалық есептерді тиімді шешудің ең маңызды қадамы – есепті дұрыс талдау. Оқушы есепті шешуге кіріспес бұрын, оның барлық шарттарын мұқият оқып, оның нақты не сұрап тұрғанын анықтауы керек. Бұл кезең есепті шешудің «негізі» болып табылады, себебі дұрыс талдау болмаса, шешімге дұрыс жету мүмкін емес.

Негізгі қағидалар:

1. *Шарттарды мұқият оқу:* Есепті шешуге кіріспес бұрын оның барлық элементтерін толық түсініп алу қажет. Оқушы есепті бірнеше рет оқып, оның мазмұнын түсініп, оны шешу үшін қажетті мәліметтерді анықтайды.

2. *Сұрақты анықтау:* Оқушы есепті оқыған кезде оның сұрауын нақты анықтап алу керек. Мысалы, есеп белгілі бір сандарды қосу немесе бөліп шығару туралы болуы мүмкін, немесе нақты бір жағдайды қарастыруды талап етуі мүмкін.

3. *Қажетті ақпаратты бөліп шығару:* Есепте берілген барлық ақпараттың ішінен нақты есепті шешуге көмектесетін маңызды мәліметтерді бөліп алу керек. Кейде есепте артық ақпарат болуы мүмкін, оны елемей керек.

4. *Есептің типін анықтау:* Есептің математикалық бағытын анықтау да маңызды. Мысалы, есеп арифметикалық, алгебралық, геометриялық немесе логикалық болуы мүмкін. Әрбір есептің түріне сәйкес шешу әдісі де өзгереді.

1-есеп. Берілген 3 санның қосындысы 60. Осы сандардың әрқайсысы 3 есе артса, олардың қосындысы қанша болады?

Шешімі: Алдымен, берілген сандарды x, y, z деп алайық. Олардың қосындысы:

$$x + y + z = 60.$$

Сандардың әрқайсысын 3 есе арттырғанда:

$$3x + 3y + 3z = 3(x + y + z).$$

Сонымен, есептің шешімі:

$$3 \times 60 = 180$$

Жауабы: 180.

2. Уақытты тиімді пайдалану. Олимпиада есептерін шешу кезінде уақытты тиімді пайдалану – маңызды дағды. Әр есептің белгілі бір уақыт аралығында шешілуі қажет. Уақытты дұрыс басқару арқылы оқушы барлығына үлгеріп, есептерді сапалы әрі жылдам шеше алады.

Негізгі қағидалар:

1. *Уақыт шектеуін ескеру:* Әрбір олимпиадада уақыт шектеулі болады, сондықтан әрбір есепке қанша уақыт бөлінетінін анықтап алу керек. Бұл жоспар жасауға көмектеседі. Мысалы, егер 10 тапсырма берілсе, әр есепке 5-7 минут бөлінсе, барлық тапсырмаларды шешуге уақыт жетеді.

2. *Қарапайым есептерді бірінші шешу:* Уақытты үнемдеу үшін ең оңай есептерді бірінші шешіп, қиындарын соңында қалдыру керек. Бұл алғашқы жеңістер оқушыны сенімдірек етеді.

3. *Күрделі есептерді шешкенде уақытты бақылау:* Күрделі есептерде уақыттың жоғалмауын қадағалау маңызды. Егер есепті шешу қиынға соғып жатса, оны кейінге қалдырып, басқа есептерді шешу керек.

4. *Шешімді тексеруге уақыт бөлу:* Есепті шешкен соң оның дұрыстығын тексеруге де уақыт бөлу қажет. Бұл қадам қателерді болдырмауға көмектеседі.

3. Күрделі есептерді бірнеше қадамдарға бөліп шешу. Күрделі есептерді шешу барысында оларды бірнеше қарапайым қадамдарға бөлу – тиімді әдіс. Бұл оқушыға бір уақытта бірнеше әрекетті орындаудың орнына, әрбір қадамды дұрыстап орындауға мүмкіндік береді. Әрбір дұрыс қадам нәтижеге жету жолында маңызды.

Негізгі қағидалар:

1. *Қадамдарды нақты белгілеу:* Күрделі есепті шешу үшін оны бірнеше қарапайым кезеңге бөліп алу қажет. Әрбір кезеңде тек бір мәселе қаралады, ол шешілген соң келесі қадамға өтеді.


2. *Әр қадамды бақылау:* Әрбір қадамды орындап болғаннан кейін оның дұрыстығын тексеру керек. Бұл қадамда қателерді ерте анықтауға мүмкіндік береді.

3. *Алгоритмдерді пайдалану:* Күрделі есептерді шешкенде алгоритмдер мен белгілі тәсілдерді қолдану да тиімді. Алгоритмдер тапсырманың шешу жолын жеңілдетеді.

4. *Қадамдардың логикасын сақтау:* Әрбір қадамды нақты логикалық жүйеге сай орындау өте маңызды. Бұл шешімнің дұрыс болуын қамтамасыз етеді.


Олимпиадада жиі кездесетін күрделі есептердің біріне, яғни, жазықтықтағы кейбір күрделі фигуралардың периметрі мен ауданын табуға арналған есептерге тоқталып, талдау жасап көрейік.

2-есеп. Қабырғасы 8 см-ге тең шаршы мен шеңбердің ширегінен құралған фигура берілген (1-сурет). Боялған фигураның периметрін және ауданын анықтаңыз.




1-сурет

Шешімі: Алдымен фигураны 4 бірдей бөлікке бөліп алайық (2-сурет). Сонда біз есеп шешіміне оңай жолмен жетеміз. Енді бөліктердің орнын ауыстырып көрейік.



2-сурет



3-сурет

3-суретте көріп тұрғанымыздай фигураның периметрін табу үшін тек қана шеңбердің ұзындығын тапсақ жеткілікті екен. Ал радиус квадраттың қабырғасының ұзындығының жартысына тең. Онда $P = 2\pi r = 2\pi 4 = 8\pi$ см. Фигураның ауданын табу барысында квадраттың ауданынан дөңгелектің ауданын азайтқанымыз жеткілікті болады: $S_{\text{квадрат}} - S_{\text{дөңгелек}} = S_{\text{фигура}} = 8^2 - \pi 4^2 = 16(4 - \pi)$.

4. Ойлау қабілетін дамытуға арналған есептер. Олимпиадалық есептер ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Оқушылар әртүрлі күрделі есептер және логикалық есептер арқылы ойлау қабілетін дамыта алады. Бұл стратегия оқушыларды әртүрлі есептерге бейімдеп, шығармашылық ойлау дағдыларын арттырады [4].

Негізгі қағидалар:

1. *Логикалық есептерді шешу:* Логикалық есептер мен жұмбақтар оқушының тез ойлауына көмектеседі. Бұл есептер математикалық ойлауды дамыту үшін өте пайдалы.

2. *Шығармашылық тапсырмалар:* Шығармашылық ойлауды дамыту үшін ерекше тапсырмалар мен кейде дәстүрлі емес есептерді шешу қажет. Бұл оқушының ойлау аясын кеңейтеді.

3. *Дұрыс шешімді табуға тырысу:* Есептерді шешкенде әртүрлі жолдарды қарастыру керек. Бұл арқылы оқушы өз ойлау тәсілін дамытып, әртүрлі тәсілдермен есепті шешуді үйренеді.

4. *Әр түрлі көзқарастармен қарау:* Әрбір есепке әртүрлі көзқарастармен қарап, оны бірнеше тәсілмен шешуге тырысу ойлауды тереңдетеді [5].

3-есеп. Ерасыл мектепке автобуспен барып, кері жаяу қайтқанда немесе керісінше жаяу барып, автобуспен қайтқанда 1 сағ 30 мин, ал автобуспен барып, автобуспен қайтқанда 30 мин жұмсайды. Ерасылға мектепке жаяу барып, жаяу қайтуы үшін қанша уақыт керек?

Шешімі:

1) Автобуспен барғанда немесе автобуспен қайтқанда жұмсайтын уақыты:

$$30 \text{ мин: } 2 = 15 \text{ мин.}$$

2) Жаяу барғанда немесе жаяу қайтқанда жұмсайтын уақыты:

$$1 \text{ сағ } 30 \text{ мин} - 15 \text{ мин} = 1 \text{ сағ } 15 \text{ мин.}$$

3) Мектепке жаяу барып, жаяу қайтуы үшін жұмсайтын уақыты:

$$1 \text{ сағ } 15 \text{ мин} \cdot 2 = 2 \text{ сағ } 30 \text{ мин.}$$

Жауабы: 2 сағ 30 мин.

4-есеп. Егер мотоциклдің жылдамдығы 50 км/сағ, ал жаяу адамның жылдамдығы 5 км/сағ болса, онда үш адам екі орынды мотоциклде 60 км жолды 3 сағатта жүріп өте ала ма?

Шешімі:

1-тәсіл: Айталық, бірінші жаяу адам 2 сағатта 5 км/сағ жылдамдықпен 10 км жолды жүріп өтсін, онда оған жүруге 50 км қалады, яғни оны мотоциклші 1 сағатта белгіленген пунктке жеткізе алады. Айталық, енді екінші жаяу адам мотоциклде 1 сағат жүрсін, яғни 50 км жол жүрсін, онда қалған 10 км-ді 2 сағат уақыт ішінде жүріп өте алады. Демек, мотоциклші 2-ші адамды 1 сағатта белгіленген пунктке жеткізеді де, қайта келіп 1-ші адамды қалған уақытта белгіленген пунктке жеткізеді.

2-тәсіл: Алғашқы 1 сағатта екеуі (А және В) 50 км жүреді, ал үшіншісі (С) жаяу адам 5 км жүреді. Одан соң В мотоциклден түсіп, белгіленген пунктке 2 сағат жаяу жүріп жетеді. Екі сағат ішінде С тағы 5 км, ал А 40 км кері қайтып, оларды онда күтеді. Қалған сағат ішінде А және С мотоциклмен белгіленген пунктке келіп жетеді.

5-есеп. 5 чемодан мен олардың 5 кілті бар. Қай кілттің қай чемоданға түсетінін ең дегенде неше рет бақылап білуге болады?

Шешімі: Чемоданның біреуіне түсетін кілтті анықтау үшін ең дегенде төрт рет тексеру қажет, өйткені бірінші чемоданға төрт кілт түсіп болса, онда оның бесінші кілті түседі. Енді қалған төрт чемоданға түсетін кілтті тексереміз. Ол үшін 3 рет, ал әр чемодан үшін екі рет, ең соңында екі чемоданға түсетін кілтті бір рет байқау арқылы анықтаймыз. Сонымен, 5 чемоданның қабысуына түсетін кілтті анықтау үшін ең дегенде 10 рет ($4+3+2+1=10$) тексеру жеткілікті.

Жауабы: 10 рет.

Сонымен, олимпиадалық есептерді шешу барысында оқушыларға тиімді әдістер мен стратегияларды қолдану өте маңызды. Есепті дұрыс талдау, уақытты тиімді пайдалану, күрделі есептерді бірнеше қадамдарға бөліп шешу, логикалық ойлауды дамыту және математикалық техникаларды қолдану – бұл әдістердің барлығы олимпиадалық дайындықта маңызды рөл атқарады. Әрбір есептің шешімін тиімді орындау үшін оқушылар өздерінің дағдыларын шыңдап, осы әдістерді жақсы меңгеруі қажет.

Сонымен қатар, олимпиадалық есептерді шешу оқушыларды тек оқу бағдарламасын меңгеруге ғана емес, сонымен бірге математиканы өмірде қолдануға үйрететін құнды тәжірибе болып табылады. Осыған орай, мұғалімдер мен оқушылар үшін олимпиадалық есептерді шешудің тиімді әдістері мен стратегияларын үнемі жетілдіріп, қолдану маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бейсеков Ж., Мелдебекова З.С. 5-сыныптағы оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау. Әдістемелік құралы. – Шымкент, 2014. – 5б.
2. Быстрова П.А. Методы решения олимпиадных задач на уровне изучения математики в 5-6 классах. – Москва, 2025. – 3с.
3. Ерпат Е. 5 сынып оқушыларын математика пәнінен олимпиадаға дайындау әдістемесі // «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы. – Астана, 2023. – 1496-1498б.
4. Фарков А.В. Математические олимпиады, 5-6 классы: учебно-методическое пособие. – М.: Издательство «Экзамен», 2013. – 25с.
5. Байдовлетова К.Н., Рахимбердинова С.А. Математикалық олимпиадаға дайындық. Оқу құралы. – Семей, 2011. – 21б.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-101-105

ӘОЖ 51:37.016

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

ҚУАНДЫҚ ТОЛҚЫН ЕРЛАНҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
«Математика, физика және информатика» факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші - ҚАСҚАТАЕВА Б.Р.

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада негізгі мектепте геометрияны оқытудағы есептердің рөлі мен функциялары қарастырылады. Геометриялық есептердің оқушылардың логикалық ойлауын, кеңістіктік елестету қабілетін дамытудағы маңызы, сондай-ақ олардың теориялық білімді терең меңгеруіне және оны қолдана білуіне әсері талданады.

Тірек сөздер: геометрияны оқыту, есептердің рөлі, шығармашылық ойлау, дәлелдеу әдістері, кеңістіктік көзқарас, практикалық есептер.

Негізгі мектептің 7-9-сыныптарында геометрияны оқытудың негізгі мақсаты - барлық оқушыларды жаратылыстану-ғылымы мен қоғамдық гуманитарлық пәндерді және одан әрі стереометрияны оқуға қажетті геометрияның базалық білімімен қамтамасыз ету [1].

Академик А.Е.Әбілқасымова «Геометриялық есептер - оқушылардың дедукциялық және логикалық ойлауын, кеңістікте елестетуін қалыптастырып, дамытатын негізгі құрал. Есептер арқылы оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейлері тексеріледі», - деп айтады [2, б.157].

В.А. Далингердің пікірінше, геометриялық есептерді шығару оқушылардың білімін жүйелеуге, ойлау қабілетін және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі. Ол есептерді оқушылардың теориялық білімді меңгеруі мен оны қолдануының маңызды құралы ретінде қарастырады. Сонымен қатар, есептерді шешу оқушылардың білімін тереңдетіп, өз бетімен ойлау және дағдыларын қалыптастырудың негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады.

Есептердің математикадағы рөлі туралы Д.Пойа былай деген: «Математиканы меңгеру деген не? Бұл стандартты есептерлі ғана емес, сонымен қатар ойлауды, тапқырлықты талап ететін есептерді шығару» [2].

Геометрияны оқыту барысында есептер маңызды рөл атқарады. Есептерді шешу арқылы оқушылар геометриялық фигуралардың қасиеттерін, теоремаларды, аксиомаларды және олардың өзара байланысын тереңірек түсінеді. Сонымен қатар, есептер оқушылардың шығармашылық ойлауын, дербес ізденісін және дәлелді тұжырымдау қабілетін дамытады.

Оқыту үдерісінде есептер екі негізгі рөл атқарады: бір жағынан олар оқу мақсаты болып табылады, екінші жағынан оқытудың құралы ретінде қызмет етеді.

Құралы ретінде есептер кең спектрлі міндеттерді орындайды. Мысалы, олар математикалық ойлау мен логиканы дамытуға, білік пен дағдыларды біріктіруге, сыни және шығармашылық ізденістерге тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, есептер мәтіні арқылы оқушыларға тәртіптілік, жұптық жұмыс істеу, өз бетінше шешім қабылдау деген сияқты құндылықтарды жеткізеді. Атап айтқанда, есептерді шешу үдерісі нақты өмірлік жағдаяттарды математикалық модельге айналдырудың тәжірибесін береді.

Оқу мақсаты ретінде есептер оқушыларға есеп ұғымын, оның құрылымдық ерекшеліктерін, шешім процесінің кезеңдерін, сондай-ақ, мәтінді талдау, дербес есеп түрлерін шешу әдістерін меңгеруге көмектеседі. Бұл жағдайда есептер арқылы оқушылар теориялық білімді практикада қолдануды, шешім жолдарын іздестірудің жалпы тәсілдерін үйренеді.

Есеп ұғымының анықтамасы түрлі тәсілдермен берілгенімен, жалпы компоненттерінің ара – жігін ажыратуға болады:

- шарты – есептің пәндәк аймағы және объектілер арасындағы байланыс;
- негіздемесі – есептің шешімін құрайтын амалдар арқылы оның шартынан қорытындысына көшудің теориялық және практикалық шарттары;
- шешуі – қорытындыда көрсетілген талаптарды орындау үшін белгілі компоненттермен орындалатын амалдар жиынтығы;
- нәтиже – белгісіз компоненттерді табу, дұрыстығын тексеру, құрылымдау, салу, дәлелдеу және т.с.с.

Мектеп геометрия курсында қойылған талаптарға қатысты есептерді мынадай түрлерге бөлуге болады: есептеуге арналған есептер; дәлелдеуге арналған есептер; салуға арналған есептер; аралас сипаттағы есептер.

Есептеуге арналған есептерде берілген шарттарды пайдаланып, геометриялық фигураға қатысты белгілі бір шаманың сандық мәнін анықтау қажет. Мұндай есептер мектеп геометриясының маңызды бөлігін қамтып, фигуралардың ұзындығын, ауданын немесе көлемін есептеуге арналған формулаларды қолдануды талап етеді. Оларды шешу үшін теңдеулер құру, алгебралық түрлендірулер жүргізу немесе арифметикалық амалдарды орындау қажет.

Дәлелдеуге арналған есептер геометрия курсындағы күрделі есептердің бірі болып табылады. Мұнда қандайда бір геометриялық фигураның қасиеттері мен қатынастары туралы тұжырымды дәлелдеуді талап етеді [3].

Салуға арналған есептерде қандайда бір берілген фигуралар арқылы белгілі бір шарттарды қанағаттандыратын жаңа фигураны салуды талап етеді. Сонымен қатар, қандай сызба құралдарының көмегімен ізделінді фигураны салу керек екендігі көрсетіледі.

Геометриялық есептерді жүйелі түрде шешу теориялық білімді саналы әрі берік меңгеруге ықпал етеді, оның қолданбалы маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді және геометрия саласындағы негізгі құзыреттерді қалыптастырады. Оқушыларға теориялық білімді меңгеруге ғана емес, оны нақты өмірде қолдануға да мүмкіндік береді. Геометриялық есептер басқа математикалық есептер сияқты тәрбиелік, дамытушылық және оқытушылық функцияларды атқарады.

Геометриялық есептердің дамытушылық функциясы. Геометриялық есептерді шешу оқушылардың логикалық, кеңістіктік және шығармашылық ойлауын дамытумен қатар, олардың танымдық қабілеттерін (түйсіну, қабылдау, ойлау, елестету, зейін) жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл үдеріс оқушылардың математикалық ойлау әрекетіне белсенді араласуына мүмкіндік беріп, олардың жеке тұлғалық дамуына жағдай жасайды.


Геометриялық есептердің тәрбиелік функциясы олардың мазмұны арқылы анықталады. Есептерді шешу барысында оқушылар пікірлерді құрметтеуге, қиындықтарды жеңе білуге, мақсатқа жетуде жүйелілік пен жауапкершілік танытуға дағдыланады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Геометриялық есептерді шешудің оқытушылық функциялары оқушылардың алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдана білуінде. Геометрия қоршаған ортадағы объектілерді моделдеуші болғандықтан, оқушылардың оларды танып білуі дамиды, өлшемдерін есептей білуге үйретеді. Геометриялық әдістер арқылы қол жетпейтін нүктелерге дейінгі қашықтықтарды, шынайы объектілердің өлшемдерін табу іске асады.

Есептеуге арналған есепті қарастырайық.

1-есеп. Радиусы $2\sqrt{7}$ шеңберге ABCD трапециясы сызылған, оның AD негізі диаметр болып табылады, ал BAD бұрышы 60° – қа тең. CE хордасы AD диаметрін P нүктесінде қиып өтеді, ал $AP:PD = 1:3$. BPE үшбұрышының ауданын табыңыз.

Берілгені: BP- трапеция биіктігі, $AP \cdot PD = EP \cdot PC$. $\angle BAD = 60^\circ$, $r = 2\sqrt{7}$. (1-сурет)
Табу керек: S(BPE).



1-сурет.

Шешуі. О - шеңбердің центрі болсын. Сонда АВО, ОВС, СОД үшбұрыштары тең бүйірлі болады, және, Р - АО түзуінің ортасы болғандықтан, ВР - АВО үшбұрышының биіктігі.

ВР биіктігінің ұзындығын келесі формула арқылы табамыз:

$$BP = AB \cdot \sin 60^\circ = 2\sqrt{7} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = \sqrt{21}, \quad AP = \frac{1}{2}AB = \sqrt{7}$$

BC=OB=2√7 болғандықтан,

$$S_{\Delta BPC} = \frac{1}{2}BC \cdot BP = \frac{1}{2} \cdot 2\sqrt{7} \cdot \sqrt{21} = 7\sqrt{3}.$$

Пифагор теоремасын пайдаланып, PC ұзындығын табамыз.

$$PC = \sqrt{BC^2 + BP^2} = \sqrt{28 + 21} = 7.$$

Қиылысатын хордалар кесінділерінің көбейтіндісі туралы теорема бойынша

$AP \cdot PD = EP \cdot PC$. Осы жерден EP ұзындығын табамыз:

$$EP = \frac{AP \cdot PD}{PC} = \frac{\sqrt{7} \cdot 3\sqrt{7}}{7} = 3$$

Демек,


$$S_{\Delta BPE} = \frac{PE}{PC} \cdot S_{\Delta BPC} = \frac{3}{7} \cdot 7\sqrt{3} = 3\sqrt{3}.$$

Жауабы: $S_{\Delta BPE} = 3\sqrt{3}$.

Академик А.Е.Әбілқасымова есеп шығаруға бағыт, бағдар беретін ғылыми әдістемелік әдебиеттерге (Ю.М.Колягин, Д.Пойа, С.И.Туманов, Л.М.Фридман, П.М.Эрдниев, А.Ф.Эсаулов т.б.) шолу жасай отырып, озық тәжірибелі мұғалімдердің еңбектеріне сүйене келе, қандай да болмасын математикалық есепті шығарудың негізгі төрт кезеңін айқындаған: есепті танып, оның шарты мен талабын түсіну; есепті шығару жоспарын жасау; есепті шығару - жоспарды жүзеге асыру; есепті тиянақтау [4, б.151].

Енді дәлелдеуге арналған геометриялық есепті қарастырайық.

2-есеп. ABCD тіктөртбұрышы берілген. В нүктесінде орналасқан және ВА радиусы бар шеңбер АВ түзуін Е нүктесінде қиып өтеді; ЕС түзуі шеңберді F нүктесінде, ал AD қабырғасының жалғасын К нүктесінде қиып өтеді. DK = DF екенін дәлелдеңіз.




2-сурет

Шешуі. $AB = a$, $AD = b$ болсын (2-сурет). $AB = BE$ және $BC \parallel AD$ болғандықтан, BC - $AЕК$ үшбұрышының орта сызығы, сондықтан $AK = 2 \cdot BC$ және $DK = b$.

$ВСКD$ төртбұрышы - параллелограмм, себебі $BC = DK$ және $BC \parallel DK$. Оның басқа екі қабырғасы параллель және тең: $BD \parallel CK$ және $BD = CK$.

$BCFD$ төртбұрышы - трапеция ($BD \parallel CF$), оның CD диагонали a -ға тең (себебі $CD = AB$), ал басқа диагонали BP шеңбердің радиусы ретінде a -ға тең. Егер трапецияда диагональдар тең болса, онда ол тең бүйірлі болады. Мұны дәлелдейік.

$ABCD$ — трапеция, $DK \parallel AC$, K нүктесі BC түзуінде орналасқан болсын (3-сурет);



3-сурет


$AD \parallel CK$, $AD = CK$ болғандықтан, $ACKD$ - параллелограмм, сондықтан $\angle 1 = \angle 2$. BDK үшбұрышы - тең бүйірлі, $\angle 1 = \angle 3$, сондықтан $BC \parallel AD$ болғандықтан $\angle 4 = \angle 3$. Осылайша, $\angle 2 = \angle 4$ және $\triangle ADB = \triangle DAC$ екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрышы бойынша тең. Үшбұрыштардың теңдігінен $AB = CD$ болады.

Есепке ораламыз (2-сурет). $BCFD$ трапециясы - тең бүйірлі, $BC = DF$. Бірақ $BC = b$, сондықтан $DF = b = DK$. Есеп дәлелденді.

Салу есептерін шығару – есептің талабына сәйкес қажетті фигураны салу үшін қарапайым салу қадамдарын рет-ретімен орындау үдерісі. Әдетте, мұндай есептерді шешу төрт негізгі кезеңнен тұрады: талдау, салу, дәлелдеу және зерттеу.

3-есеп. Берілген екі бұрышы мен периметрі бойынша үшбұрыш салыңыз. Үшбұрыштың периметрі кесінді түрінде берілген.

Шешуі. Берілген периметрі P және A және B төбелеріндегі α және β бұрыштары бар ABC үшбұрышын салу керек делік. Оны «жазықтыққа түсіреміз», яғни AB түзуіне AC кесіндісіне тең AD кесіндісін және BC кесіндісіне тең BE кесіндісін саламыз. Алынған D және E нүктелерін C нүктесімен қосамыз (4-суретті қараңыз).



4-сурет

ACD үшбұрышы теңбүйірлі, CAB бұрышы осы үшбұрыштың сыртқы бұрышы болғандықтан, $\angle CDA = \angle DCA = \frac{\alpha}{2}$. Сол сияқты, $\angle CEB = \angle ECB = \frac{\beta}{2}$.

Осылайша, мәселе көмекші үшбұрыш CDE салуға келеді, оның бір қабырғасы мен оған іргелес екі бұрышы берілген ($DE = P$, $\angle CDE = \frac{\alpha}{2}$, $\angle CED = \frac{\beta}{2}$). Енді A және B төбелерін алу үшін, мысалы, CD және CE кесінділеріне орта перпендикуляр m және n салу жеткілікті.

Сонымен, негізгі мектепте геометрияны оқытудағы есептердің рөлі мен функциялары оқушылардың логикалық және кеңістіктік ойлауын дамытуда, теориялық білімді саналы меңгеріп, оны практикада қолдануда маңызды орын алады. Есептеу, дәлелдеу және салу есептері арқылы оқушылардың математикалық білімі жүйеленіп, аналитикалық ойлау дағдылары қалыптасады. Геометриялық есептерді шешу тек білімді бекітумен шектелмей,

шығармашылық қабілетті, дәлдікке ұмтылуды және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Осылайша, геометриялық есептерді тиімді пайдалану оқыту үдерісінің сапасын арттырып, оқушылардың математикалық сауаттылығын жетілдірудің маңызды құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Геометрия: Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 21 б.
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.
3. Смирнова В.А., Смирнова И.М. Геометрия. Задачи на доказательство. Учебное пособие. – Москва: МЦНМО, 2015. – 309 с.
4. Әбілқасымова А.Е., Тұяқов Е.А. Жалпы білім беретін мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 340 б.
5. Ардабаева А.К., Дюсов М.С., Басымбекова А.Т. К вопросу об исследовании решений задач в школьном курсе геометрии // СДУ хабаршысы. – 2017. - №4 (43). – Б.142-148.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-106-110

ӘОЖ 51:37.016

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА СТОХАСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

ҚАЙСАРҚЫЗЫ ЗЕЙНЕП

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
«Математика, физика және информатика» факультетінің магистранты,

Ғылыми жетекші - **ТУРГАНБАЕВА ЖАННУР НУРТАЕВНА**

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп математика курсындағы ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы оқыту ерекшеліктері қарастырылады. Стохастиканың мектеп бағдарламасына енгізілуінің тарихи дамуы, Қазақстандағы оқу бағдарламаларындағы орны мен қазіргі жағдайы талданады. Зерттеу нәтижесінде орта мектепте стохастикалық элементтерді оқытудың негізгі бағыттары, әдістері және оның оқушыларға беретін білімдік және тәжірибелік маңызы көрсетілген. Мақалада нақты есептер мен практикалық тапсырмалар ұсынылған, олар оқушылардың статистикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға және деректерді талдауға негізделген қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Тірек сөздер: стохастика, ықтималдықтар теориясы, оқыту әдістемесі, диаграммалар, деректерді талдау.

Мектеп бағдарламасына ықтималдықтар теориясын енгізуге деген ықылас XIX ғасырда пайда болды. Жаратылыстану және техника саласындағы жетістіктер XX ғасырдың басында ықтималдықтар теориясының элементтерін орта мектепте оқытудың қажеттілігі туралы мәселені қайтадан көтерді [1].

XX ғасырдың 80 жылдардың аяғында 90 жылдардың басында математикалық білім беруде «Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың бірігуі» ретінде, ал кейін кездейсоқ құбылыстарды зерттейтін және комбинаторика, ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика, кездейсоқ процестер теориясын қамтитын математикалық ғылым тарауларының жалпыланған атауы ретінде «стохастика» термині (грек тілінен *στοχαστική* – болжай білу, ықтимал, кездейсоқ) тарала бастады [1].

Мектеп математика курсына стохастикалық бағытты оқытуды зерттеу А.Н.Колмогоров, Ф.Мостеллер, Р.Рурке, Дж.Томас, Б.В.Гнеденко, К.Н.Курындина, Г.В.Дорофеев, Я.И.Хинчин, Ж.Кудратов, И.О.Ковпак және басқа ғалымдардың жұмыстарында жарық көрді.

Қазіргі заманның ғылымында аса зор рөлі бар математикалық идеялардың ішінде стохастиканы қарастырудың маңызы өте зор. Жаратылыстану түсініктерінің барлығы дерлік, сондай-ақ әр алуан табиғат құбылыстарында стохастика арқылы болжауға болады, ал оларға тән заңдар мен заңдылықтар айтарлықтай толық және нақты тұжырымдалуы тек қана ықтималдылықтар теориясының терминдері арқылы түсіндіріледі. Сондықтан да мектептегі математика сабағына ықтималдылықтар теориясы мен математикалық стохастика енгізіліп отыр. Ықтималдылықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектепте оқытудың дүниетанымдық маңызы зор [2].

1992 жылы жасалған "Қазақстан Республикасы мектептерінде математикалық білім беру тұжырымдамасы" жобасында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері алғаш рет қарастырылған. Ал, 1999 жылы жалпы білім беретін мектептердегі математика пәнінің бағдарламаларына (жоба) ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері енгізілді [3].

Қазақстандық ғалымдарының зерттеулерінде 2015 жылдан бастап стохастика элементтерін және ықтималдылық теориясына байланысты есептер ҰБТ-ға енгізілді, 2004 – 2010 жылдар арасында елімізде алгебраның бірқатар оқулықтары жарық көргенін, бірақ оқулықтарда ықтималдылық теорияға қатысты есептердің аз мөлшерде берілетінін алға тартады. Сонымен, елімізде орта мектеп бағдарламасына стохастика элементтерінің тек 2000 жылдың басында енуі және оқулықтарда берілген ықтималдылықтар теориясының есептерінің аздығы, оқушылардың тақырыптарды толық меңгере алмайтынының бірден бір себебі болып табылады. Зерттеу нәтижесі стохастика элементтерінің тек алгебра оқулықтарында кездестіре аламыз [2].

Олай болса пәннің базалық мазмұнына тоқталайық. 5-6-сыныптарда математика пәнін оқытуға 5 сағат бөлінген. Үлгілік оқу бағдарламасына «Жиын» тарауы қосылды, ал сандардың арифметикалық ортасы, мода, медиана, ауытқу ұғымдары 6-сыныпта қарастырылады. 7-9 сыныптар. Осы сыныптарда практикаға бағытталған есептерді қарастыруға көп көңіл бөлінген. «Статистика элементтері», «Комбинаторика элементтері», «Ықтималдықтар теориясы» тарауларының тақырыптарына ғана қатысты. Жаңартылған білім мазмұны аясында 5-6-сыныптарға арналған «Математика», 7-9-сыныптарға арналған «Алгебра» пәндерінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған [4].

Біздің негізгі мектепке сәйкес келетін орта мектепте материал аясы кеңейе түседі. Оқушыларға статистика бойынша кеңейтілген материал ұсынылады. Бұл кезеңде статистикалық талдау және деректерді өңдеу дағдыларына ерекше назар аударылады. Бағдарламаны жасаушылар осы жас – статистика ұғымдарын енгізуге ең қолайлы уақыт деп санайды. Оқушылар ақпарат жинаудан бастап, алынған нәтижелерді түсіндіруге дейінгі статистикалық өңдеудің барлық кезеңдерімен танысады.

Негізгі мектептің бағдарламасына стохастикалық материалды енгізу қажеттілігі мынадай негізгі себептермен белгіленеді:

- ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика - жалпыға ортақ мәдениеттің бөлігі болып табылады, оны қабылдау әрбір оқушыға маңызды;

- ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы үйрену табиғат пен қоғамға әдіснамалық көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік туғызады және басқа пәндерді заманауи дәрежеде үйрену, білімді жалғастыру немесе кәсіби қызмет үшін қажет;

- ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы зерттеу жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді;

- ықтималдықтар теориясы және математикалық статистикамен ерте танысу тақырыпты терең түсіну және күнделікті өмірде ықтималдық статистикалық әдістерді қолдану үшін қажетті ішкі түйсікті дамытуға ықпал етеді.

Стохастиканы оқып – үйрену үрдісінде оқушылардың бақылау, салыстыру, өлшеу, өмірлік жағдайларды талдау, негізделген шешімдерді қабылдау сияқты жалпы білімділік және тәжірибелік біліктер дамиды [3].

Математиканы оқыту процесін ұйымдастыруда жаңаша тәсілдерді, әдістер мен озық технологияларды пайдалану оқушылардың бір-бірін үйрете жүріп, өздері үйренуіне бағытталады. Ол үшін алдымен үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауы және оларды дұрыс ұйымдастыру қажет.

Математика сабағында оқушылардың белсенділігі мен танымдық қызығушылығын, оқуға ынтасын арттыруда, оқу нәтижелеріне қол жеткізуде ойын арқылы оқыту тәсілі мүмкіндік жасайды.

Математика сабағында стохастикалық ойындарды пайдаланған тиімді. Ойынның ұтымды стратегиясын таңдау үшін қолайлы нәтижелерді есептеуге негізделген оқиғаларды салыстыру әдісі қолданылады. Мысал ретінде келесі есепті келтіруге болады.

1-тапсырма. Тәжірибе – ойын сүйектерін қатарынан 2 рет лақтыру. Ойыншы сүйек қосындысына тең санды алдын-ала болжап алуы керек. Егер бұл сан ойын сүйегін лақтырғанда түссе, ойыншы жеңеді. Қандай санды болжаған дұрыс?

Бұл есепті шешу үшін белгілі ұпайлар санының қосындысы мен оған сәйкес келетін нәтижелер арасындағы сәйкестік кестесін құру ыңғайлы.

Мысалы, ұпайлардың қосындысы 5-ке тең нәтижелерге (1, 4), (2,3), (4,1), (3, 2) сәйкес келеді. Олардың саны 4-ке тең. Барлық ұпайлар санының қосындысын сәйкесінше есептейміз. Нәтижесінде, ұпайлар қосындысы 7-ге тең нәтиженің ықтималдығы жоғары екенін көреміз (1-сурет).


Жалпы алғанда, кездейсоқ оқиғалардың ықтималдығы ұғымы мен оқушылар үшін ықтималдық заңдарына талқылауды ұйымдастыру жеткілікті түрде үлкен мәселе болып табылады.

Оқушыларға бұл ұғымдарды меңгерудегі қиындықтырды жеңуде анықтамалар мен дәлелдемелерді көрнекілік негізінде ұсынған жөн. Бұл ықтималдықтың геометриялық анықтамасын түсіндіруде маңызды. Жиынның ішкі жиыны сияқты элементар оқиғалар мен кездейсоқ оқиғалардың жиындарының геометриялық бейнелеулеріне тікелей байланысты болады.



Сурет 1- Стохастикалық ойын (Нард ойыны)

2-тапсырма. Е тік төртбұрышының ішінен «нүкте» алынсын (2-сурет). «Нүктенің» А фигурасына түскендегі А оқиғасының ықтималдығын қалай анықтауға болады?



Сурет 2 - Е тіктөртбұрышы

Бұл есепті шешу барысында мынадай ережені басшылыққа аламыз: Е тіктөртбұрышының қандай да болмасын бөлігіне тию ықтималдығы бұл бөліктің ауданына пропорционал.

Ауданды S әрпімен белгілейміз және $S(E) = n$, $S(A) = m$ деп ұйғарамыз. Сонда жоғарыда айтылғанға байланысты А оқиғасы $P(A) = \frac{S(A)}{S(E)} = \frac{m}{n}$ қатынаспен анықталады, мұндағы $\frac{m}{n}$ қатынасы рационал сан болуы міндетті емес, ал m мен n – оң бүтін сандар.

2 суретте 40 элементарлы кездейсоқ оқиғалар, бейнеленген жиындармен 15 элементарлы оқиғалар бар. Сонда A кездейсоқ оқиғасының пайда болуы ықтималдығы $P(A) = \frac{15}{40} = \frac{3}{8}$ -ке тең болады.

Біз осы көрнекілікке қарап ықтималдықтың геометриялық анықтамасына оның классикалық анықтамасын да оңай кірістіруге болатынын байқаймыз.

Ықтималдықтар теориясы мен статистикалық әдістерді мектепте оқыту – математикалық білім берудің маңызды бөлігі. Оқушылардың деректермен жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіру оларды зерттеу дағдыларын дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда математикалық әдістерді қолдануға және ғылыми көзқарасты қалыптастыруға бағыттайды.

Ұсынылып отырған ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқыту құралы ұйымдастырушылық және мазмұндық аспектілердің бірігуін көрсетеді. Сонымен қатар:

- оқу мақсатына және білімді игеру деңгейіне жетуге байланысты таңдап алынатын белсенді оқыту әдістерінің және түрлерінің дидактикалық жүйесі;

- оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыстарының әртүрлі ұйымдастыру түрлерінің жүйелері;

- оқушылардың зерттеушілік, оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар, белсенділігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кері байланыстар арқылы жүзеге асады.

Бұл мақала мектеп математика курсында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы оқытудың ерекшеліктерін және олардың білім беру үдерісіндегі маңыздылығын қарастырады. Атап айтқанда, стохастика термині мен ықтималдықтар теориясының элементтерінің мектеп бағдарламасында енгізілуі туралы тарихи даму, сондай-ақ, Қазақстандағы қазіргі жағдайы және оқыту әдістемесі талданды. Бұл зерттеу ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерінің оқушыларға деректерді талдау және статистикалық ойлау дағдыларын дамытудағы рөлін талданды.

Зерттеу барысында көрсетілгендей, 1992 жылы Қазақстандағы мектептерде математикалық білім беру тұжырымдамасы жобасында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері алғаш рет енгізілген, ал кейін 1999 жылы математика пәнінің бағдарламаларына қосылды. Алайда, оқулықтарда бұл тақырыптар әлі де шектеулі болып, оқушылардың бұл саланы толық меңгеруіне кедергі келтіруде.

Мақалада мысалдар мен нақты есептер арқылы стохастикалық элементтерді оқытудың тиімді әдістері қарастырылған. Мысалы, ойын сүйектерін лақтыру арқылы ықтималдықты есептеу, геометриялық анықтамалар мен кездейсоқ оқиғаларды бағалау үшін қолданылатын әдістер ұсынылған. Бұл әдістер оқушыларға статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу, нәтижелерді талдау және математикалық қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, мектеп бағдарламасында статистикалық және ықтималдықтық әдістерді қолданудың маңыздылығы атап өтілген. Статистика ұғымдарын енгізу және оларды оқыту оқушыларға өмірде кездесетін деректерді түсіну және оларды талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептегі математикалық білім беруде осы элементтердің тиімді оқытылуы оқушылардың ғылыми көзқарасын дамытуға және математикалық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Мақала жалпы алғанда, стохастика мен ықтималдықтар теориясының мектеп бағдарламасына енгізілуінің маңызды рөлін және олардың оқушылардың математикалық білімін дамытудағы орны туралы кеңінен ой қозғайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мынжасарова М.Ж. 7-9 сыныптарда математиканы оқытуда стохастика элементтерінің қарастырылу жайы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2015. №1(28). 228-231б.
2. Г.М. Асанбаева. Стохастика элементтеін мектепте оқыту-қолданбалы бағытты күшейту құралы. Қарағанды университетініңхабаршысы. Педагогика сериясы 2022. № 2. 33-40 б.
3. Шәкілікова С. Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлеріндегі стохастикалық есептер. Қазақстан мектебі 2010. №10. 47-50 б.
4. Турганбаева Ж.Н. Мектеп білімінің жаңартылған мазмұнына сай ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктері: п.ғ.к. ... диссертациясы. - Түркістан, 2022. - 160 б.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-152-111-115

ӘОЖ 51:37.016

МЕКТЕПТЕ 7-9 СЫНЫПТАРДА АЛГЕБРА КУРСЫН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЛАКАМАШОВА АРАЙЛЫМ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Математика, физика және информатика факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші – ЕРКИШЕВА ЖАЗИРА САБЫРОВНА

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл мақалада 7-9 сынып оқушыларына алгебра курсы тереңдетіп оқытудың мазмұндық ерекшеліктері қарастырылады. Алгебра пәнін тереңдетіп оқытудың маңыздылығына ерекше назар аударылады. Оқушылардың алгебралық мәдениетін қалыптастыру, білім деңгейін көтеру және ой-өрісін кеңейту мақсатында олимпиадалық және стандартты емес есептерді шешу әдістемесі ұсынылады. Сонымен қатар, алгебраны терең меңгеру үшін элективті курстарды ұйымдастыру және күрделі есептерді шешу тәсілдері де толыққанды қарастырылған. Жалпы, мақалада нақты мысалдар, яғни есептер мен практикалық тапсырмалар келтіріле отырып, оқушылардың терең білім алуының, алған білімдерін өмірде қолдана білуінің маңыздылығы жан-жақты көрсетілген. Тереңдетілген білім оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның болашақ жетістіктеріне жол ашады.

Кілт сөздер: алгебра, тереңдетіп оқыту, олимпиадалық есептер, стандартты емес есептер, элективті курстар, математикалық дағдылар.

Алгебра – математиканың негізгі бөлімі. Ол ғылым мен техниканың тілі болып табылады. Алгебраның көмегімен табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстар мен процестер зерттеліп, оларға болжамдар жасалады. Бұл пән мектептегі жаратылыстану-математика циклінің барлық пәндеріне, әсіресе физика, информатика және геометрия сияқты пәндерді меңгеруге негіз қалайды [1].

Алгебраны тереңдетіп оқыту - бұл пәнді стандартты негізгі оқу бағдарламасынан әлдеқайда тереңірек, кеңірек меңгеру үдерісі. Ол тек базалық біліммен шектелмей, күрделі теориялар мен әдістерді игеруді, сондай-ақ алынған білімді тәжірибеде қолдануды қамтиды. Тереңдетіп оқыту барысында оқушылар түрлі олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми жобаларға қатысу арқылы өз білімдерін тереңдетеді, сондай-ақ интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Математиканы тереңдетіп оқыту көбінесе мамандандырылған мектептерде жүзеге асады. Алгебра курсы Алматы қаласындағы С.А.Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицей, М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей, №165 мамандандырылған лицей, Республикалық физика-математика мектебі және Назарбаев зияткерлік мектептерінде тереңдетіп оқытылады.

Олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми жобаларға қатысу - тереңдетіп оқыту процесінің маңызды бөлігі. Математика пәні бойынша олимпиадаларға қатысу оқушыларға өз білімдерін тексеруге, логикалық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Олимпиадаларда оқушылар тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар күрделі мәселелерді шешу дағдыларын да қолданады. Олимпиадалардағы жеңіс терең білімнің және дағдылардың дәлелі болып табылады және болашақ мамандықты таңдауда маңызды қадам болып саналады.

Тереңдетіп оқыту оқушыларды ғылыми жобалармен айналысуға тартады, бұл оларды зерттеу жұмыстарын жүргізуге, деректермен жұмыс істеуге, ғылыми әдістерді қолдануға

үйретеді. Ғылыми жобалар оқушыларға логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл әсіресе ғылым мен техника саласында білім алуды жоспарлап отырғандар үшін маңызды.

Алгебраны тереңдетіп оқытуды алгебра сабағында қиындығы жоғары есептерді шешу және элективті курс арқылы жүзеге асыруға болады:

1) алгебра сабағында тереңдетіп оқыту;

Алгебра сабағында тереңдетіп оқыту негізгі оқу бағдарламасындағы оқытылатын алгебралық ұғымдарды тереңірек түсінуді қамтиды. Мұнда оқушылардың:

- күрделі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу дағдылары дамиды;
- функциялар, логарифмдік және көрсеткіштік функциялар сияқты күрделі тақырыптар тереңдетіліп қарастырылады;
- математикалық модельдеу, деректерді талдау, күрделі есептерді шешу секілді дағдылар қалыптасады.

Мұндай сабақтар теория мен практиканы байланыстыра отырып оқушылардың математикалық ойлауын және ылыми зерттеу дағдыларын дамытады.

2) элективті курс арқылы тереңдетіп оқыту.

Элективті курстар - бұл таңдау пәні ретінде ұсынылатын арнайы курс түрі, ол оқушыларға алгебраның арнайы бөлімдерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Элективті курс арқылы тереңдетіп оқытудың ерекшелігі:

- оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен бейімділіктеріне қарай қосымша тақырыптарды зерттейді, мысалы, аналитикалық геометрия, комплекс сандар, дифференциалдық теңдеулер және т.б.;
- жобалық жұмыстар мен эксперименттер жасау арқылы алгебраның практикалық қолдану салаларын зерттейді;
- математикалық олимпиадалар мен конкурстарға дайындық жүргізіледі [2].

Тереңдетілген алгебра курсының артықшылықтары:

1) Жеке оқушының даму деңгейіне қарай оқу. Оқушылар өз қабілеттеріне сәйкес курсты таңдай алады, бұл олардың жеке білім алу жолын жеңілдетеді;

2) Зерттеу және талдау дағдыларының дамуы. Элективті курстар мен қосымша сабақтар арқылы оқушылар тереңірек математикалық зерттеулер жасап, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады;

3) Болашақта мамандық таңдауға дайындық. Тереңдетіп оқыту оқушыларды ғылым мен техниканың жаңа бағыттарымен таныстырады, бұл болашақта университеттерде және ғылыми мекемелерде оқу үшін қажетті дағдыларды қалыптастырады.

Тереңдетіп оқыту оқушылардың білімін ғана емес, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін де дамытады. Бұл процесс оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын, жауапкершілігін, ұйымдастыру қабілетін және өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттырады. Тереңдетіп оқыту арқылы оқушылар математикалық, ғылыми және зерттеу жұмыстарында жаңа тәсілдер мен шешімдер іздеуді үйренеді.

Олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми жобаларға қатысу арқылы оқушылар өз мүмкіндіктерін толық ашып, шығармашылық тұрғыдан дамиды. Бұл тәжірибе оқу барысында ғана емес, болашақ кәсіби өмірде де маңызды рөл атқарады, себебі мұндай шаралар оқушыларды жаңа білімдер мен тәжірибелерге итермелейді.

Жалпы білім беретін мектептерде 7-9 сынып оқушыларына алгебра курсын оқыту барысында алгебраны тереңдетіп оқыту мақсатында қиындығы жоғары есептерді, стандартты емес тапсырмаларды шығаруды қарастыруға болады. Олимпиадалық есептер стандартты емес тапсырмаларға жатады. Олимпиадалық есептерді шығару оқушылардың тек тұрақты амалдар мен тәсілдерді меңгеруін ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой әрекетінің әдістері мен шығармашылық тәсілдерге ұмтылуын талап етеді. Бұл есептер білімді жаңа жағдайларда қолдануға, жаңа байланыстарды ашуға және жаңалықты меңгеруге бағыттайды [3].

Олимпиадалық есептерге авторлар бірнеше анықтамалар берген.

Ю.М. Колягин «Олимпиадалық есеп – шығарылуы оқушыларға белгілі іс - әрекеттер тізбегі болып табылмайтын есептерді айтады». Демек, бұл есептерді шығару барысында оқушы жаңа шешімдерді өз бетінше табуға ұмтылады [4].

Г.Л. Баллдың анықтамасы бойынша, олимпиадалық есеп - бұл оқушы үшін жаңа, шешу жолы бұрыннан белгісіз мәселе. Егер оқушы есептің шығарылу алгоритмін білетін болса, онда ол тапсырма жаңашылдыққа емес, “ескілікке” негізделген, яғни стандартты болып табылады [5].

П.В. Чулков бойынша, олимпиадалық есептер - қиындығы жоғары, стандартты тәсілдермен шешілмейтін, оқушының қызығушылығын оятатын тапсырмалар. Бұл есептердің шешімі мектепте өтілген материалды терең түсінуді және оны шығармашылықпен қолдануды талап етеді. Ол олимпиада тақырыптарына бөлінгіштік, бүтін сандар жиынында теңдеулерді шешу, Дирихле принципі және т.б тақырыптарды жатқызады [6].

Олимпиадалық есептер - оқушыларға таныс алгоритмдермен шешілмейтін, жаңа тәсілдерді іздеуді, мектеп білімін терең әрі шығармашылықпен қолдануды талап ететін, күрделілігі жоғары тапсырмалар. Бұл есептер оқушының стандартты емес ойлау қабілетін дамытып, математикаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Олимпиадалық есептерді шығару барысында ең маңыздысы - оқушыларды есептің шешімін ойлануға, дәлелдеуге, болжауға, дұрыс қорытынды жасауға үйрету. Есептерді шешу барысында мұғалім оқушылардың ақыл-ой әрекетінің әртүрлі тәсілдерін дамытуға мүмкіндік алады: талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, заттар мен құбылыстарды жіктеу және қорытынды жасау. Бұл дағдылар білімнің тереңдігін, толықтығын, саналылығын және тиімділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Олимпиадалық есептерді шешу үшін оқушыларға тек ережелерді білу жеткіліксіз, олар жаңаша шешу жолдарын іздеуге мәжбүр болады. Мұндай есептер оқушылардың жаңа алгоритмдер мен тәсілдерді ойлап табу дағдысын дамытуға ықпал ете алады. Олимпиадалық есептерді шешудің басты ерекшелігі олардың стандартты емес, яғни белгілі бір алгоритмдермен шешу мүмкін еместігімен сипатталады. Стандартты есептерге белгілі алгоритмдермен шешу әдістері қолданылады, ал стандартты емес есептерде алдын ала белгілі бір шешу жолы жоқ. Бұл есептер оқушылардың ойлауын шектемей, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осы есептерді шешу үшін оқушылар жаңа тәсілдерді іздеп, өз бетінше шешімдер табуға үйренеді [7].

Алгебра сабағында 7-9 сынып оқушыларына төмендегідей олимпиадалық есептерді ұсынуға болады:

1-есеп. Егер $a^2 + 9ab + b^2$ саны 7-ге бөлінетін болса, онда $a + b$ 7-ге бөлінетінін дәлелдендер.

Дәлелдеуі: $a^2 + 9ab + b^2 = (a^2 + 2ab + b^2) + 7ab = (a + b)^2 + 7ab$.

Олай болса, $(a + b)^2$ саны 7-ге бөлінеді, бірақ 7 жай сан, сондықтан $(a + b)$ саны 7-ге бөлінеді.

2-есеп. $f(x)$ келтірілген квадрат үшмүшесі $f(x) = 2x - 7$ және $f(x) = 21 - 6x$ теңдеулерінің әрқайсысының бір ғана шешімі бар болатындай үшмүше болып табылады. a параметрінің қандай ең үлкен мәнінде $f(x) = a$ теңдеуінің де жалғыз шешімі бар болады?

Шешуі. Келтірілген квадрат үшмүшесінің түрі $f(x) = x^2 + px + q$ болсын. Онда есі $f(x) = 2x - 7$ және $f(x) = 21 - 6x$ теңдеулері $x^2 + px + q = 2x - 7$ және $x^2 + px + q = 21 - 6x$ түрінде немесе сәйкесінше $x^2 + (p - 2)x + (q + 7) = 0$ және $x^2 + (p + 6)x + (q - 21) = 0$ түрінде жазылады.

Бұл квадрат теңдеулердің дискриминанттары 0-ге тең, болғанда олардың әрқайсысының тек бір шешімі бар болады.

$$\begin{cases} (p - 2)^2 - 4(q + 7) = 0 \\ (p + 6)^2 - 4(q - 21) = 0 \end{cases}$$

Жүйені шешіп, $p = -9, q = \frac{93}{4}$ мәндерін табамыз. Сонда келтірілген квадрат үшмүше $f(x) = x^2 - 9x + \frac{93}{4}$ болады.

Егер $y=a$ түзуі квадрат үшмүшенің графигі параболаның төбесі арқылы өтетін болса ғана $f(x) = a$ теңдеуінің жалғыз шешімі бар болады, яғни $a = y_{\text{төбесі}} = 3$.

3-есеп. n санының кез келген мәнінде мына теңсіздіктің бұрыс болатындығын дәлелдеу керек:

$$\left(1 + \frac{1}{3}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{8}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{15}\right) \cdot \left(1 + \frac{1}{24}\right) \cdot \dots \cdot \left(1 + \frac{1}{n^2 + 2n}\right) < 2$$

Шешуі. Шарт бойынша көбейтіндіні

$$\frac{4}{3} \cdot \frac{9}{8} \cdot \frac{16}{15} \cdot \frac{25}{24} \cdot \dots \cdot \frac{n^2 + 2n + 1}{n^2 + 2n}$$

немесе

$$\frac{2^2}{3} \cdot \frac{3^2}{2 \cdot 4} \cdot \frac{4^2}{3 \cdot 5} \cdot \frac{5^2}{4 \cdot 6} \cdot \dots \cdot \frac{n^2}{(n-1)(n+1)} \cdot \frac{(n+1)^2}{n(n+2)} = 2 \cdot \frac{n+1}{n+2}$$

түрінде жазамыз. $\frac{n+1}{n+2}$ өрнегі n -нің кез келген мәнінде 1-ден кем дұрыс бөлшек. Бұдан қарастырылған көбейтінді 2-ден кіші болады деген қорытынды шығады [8].

4-есеп. $776^{776} + 777^{777} + 778^{778}$ өрнегінің 3-ке бөлінбейтінін дәлелдендер.

Дәлелдеуі: Салыстырулар теориясын қолданамыз:

$$776 \equiv 2 \pmod{3} \Rightarrow 776^2 \equiv 4 \equiv 1 \pmod{3} \Rightarrow 776^{776} = (776^2)^{388} \equiv 1^{388} = 1 \pmod{3}$$

$$778 \equiv 1 \pmod{3} \Rightarrow 778^{778} \equiv 1^{778} = 1 \pmod{3}$$

$$777 \equiv 0 \pmod{3} \Rightarrow 777^{777} \equiv 0 \pmod{3}$$

$$776^{776} + 777^{777} + 778^{778} \equiv 1 + 0 + 1 = 2 \pmod{3}.$$

Олай болса, берілген өрнек 3-ке бөлінбейтінігі дәлелденді.

5-есеп. Жақшаларды ашып, сәйкес мүшелерді келтіргенде $(1+x^2)^{20} \cdot (1+x^4)^{20}$ көпмүшесі неше қосылғыштан тұратынын анықтаңдар.

Шешуі. Ньютон биномын қолданамыз:

$$(1+x^2)^{20} \cdot (1+x^4)^{20} = \sum_{k=0}^{20} C_{20}^k x^{2k} \cdot \sum_{m=0}^{20} C_{20}^m x^{4m} = \sum_{k=0}^{20} \sum_{m=0}^{20} C_{20}^k C_{20}^m x^{2k+4m}.$$

x -тің дәрежесі 0-ден $2 \cdot 20 + 4 \cdot 20 = 120$ дейін өзгеруі мүмкін. Қандай дәрежелер болмайтынын анықтаймыз. 4-ке бөлгендегі қалдықтарды қарастырайық.

1) $2k + 4m = 4n$ жағдайы. Онда $k + 2m = 2n \Rightarrow k = 2p, m = q$, мұндағы

$$\begin{cases} 0 \leq 2p \leq 20, \\ 0 \leq q \leq 20, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 0 \leq p \leq 10, \\ 0 \leq q \leq 20, \end{cases}$$

$$\begin{cases} 0 \leq 2p \leq 20, \\ 0 \leq q \leq 20, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 0 \leq p \leq 10, \\ 0 \leq q \leq 20, \end{cases}$$

$4n = 2k + 4m = 2 \cdot 2p + 4q = 4(p + q)$, яғни $p + q = n$ – рұқсат жоқ.

2) $2k + 4m = 4n + 1$ және $2k + 4m = 4n + 3$ жағдайлары мүмкін емес, себебі теңдіктің сол жағында жұп сан, ал оң жағында тақ.

3) $2k + 4m = 4n + 2$ жағдайы. Онда $k + 2m = 2n + 1 \Rightarrow k = 2p - 1, m = q$,

мұндағы

